

Жунусова Айгерим Тлеккабыловна – докторант «8D03103 – Психология», Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан. E-mail: zhunussovaayerim90@gmail.com.

Аубакирова Жанат Канашевна – кандидат психологических наук, и.о. профессора, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, г. Астана, Казахстан. E-mail: aubakirova_zhk@enu.kz.

Information about the Authors:

Aigerim T. Zhunusova – Doctoral Student “8D03103 – Psychology”, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: zhunussovaayerim90@gmail.com.

Zhanat K. Aubakirova – Candidate of Psychological Sciences, Acting Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan. E-mail: aubakirova_zhk@enu.kz.

FTAMP 15.21.51

<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2026.87.2.028>

С.Т. Бапаева¹, М.К. Бапаева^{2*}, Ф.М. Куантканова², М.И. Багибаева²,
А.С. Аубәкір² А.К. Байздрахманова²

¹«Тұран» Университеті, Алматы, Қазақстан

²Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан
E-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

Ата-ана ұстанымдарының әлеуметтік-демографиялық ерекшеліктері

Аңдатпа

Зерттеу Қазақстандағы ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасын аймақтық, отбасылық жағдай және балалар саны бойынша салыстырмалы талдауға арналған. Зерттеуге 380 респондент қамтылып, олардың эмоциялық реакциялары, қамқорлық деңгейі, отбасына тәуелділік, ерік-жігерді басу, өзін құрбан ету, ренжітуден қорқу, отбасылық жанжал, ашуланшақтық, ата-ана беделі және балалардың дамуына ықпал ету факторлары өлшенді. Н Крускал-Уоллис критерийінің нәтижелері көрсеткендей, ата-ананың тұрғылықты мекені бойынша вербализация, шамадан тыс қамқорлық, отбасына тәуелділік, ерік-жігерді басу, өзін құрбан ету, ренжітуден қорқу, ашуланшақтық, ата-ананың артық беделі, агрессивтілікті басу және балалардың белсенділігін дамыту сияқты көрсеткіштерде статистикалық маңызды айырмашылықтар байқалды ($p < .05$). Сондай-ақ, отбасылық жағдай бойынша жесір және ажырасқан ата-аналарда эмоциялық бақылау, қамқорлық, агрессивтілікті басу және ата-ана беделі жоғарылағаны анықталды, ал үйленбеген/тұрмыс құрмаған, бірақ қарым-қатынастағы респонденттерде бұл көрсеткіштер төмен болды. Отбасындағы балалар санының әсері де маңызды болып, көп балалы отбасыларда кейбір бақылау және өздігінен әрекет ету шектеулері байқалды, әсіресе ананың өз бетінше әрекет етпеуі және қарым-қатынастарды теңестіру аспектілерінде ($p < .05$). Зерттеу нәтижелері Қазақстандағы отбасылық динамиканы терең түсінуге, ата-ананың тәрбие стратегияларын оңтайландыруға және психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуге практикалық ұсыныстар береді.

Кілт сөздер: ата-ана ұстанымы, ата-ана стилі, отбасылық эмоциялық жүйе.

С.Т. Бапаева¹, М.К. Бапаева^{2*}, Ф.М. Куантканова², М.И. Багибаева²,
А.С. Аубакир² А.К. Байздрахманова²

¹ Университет «Тұран», Алматы, Қазақстан

² Казахский национальный женский педагогический университет, Алматы, Казахстан
E-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

Социально-демографические особенности родительских установок

Аннотация

Исследование посвящено сравнительному анализу участия родителей в семейной жизни в Казахстане в зависимости от региона проживания, семейного положения и числа детей в семье. В исследовании приняли участие 380 респондентов, у которых оценивались эмоциональные реакции, уровень заботы, зависимость от семьи, подавление воли, самопожертвование, страх обид, семейные конфликты, раздражительность, авторитет родителей и влияние на развитие детей.

Результаты критерия Н Крускала-Уоллиса показали статистически значимые различия ($p < .05$) по показателям вербализации, чрезмерной заботы, зависимости от семьи, подавления воли, самопожертвования, страха обид, раздражительности, чрезмерного авторитета родителей, подавления агрессивности и стимулирования активности детей в зависимости от региона проживания. Кроме того, у вдовцов и разведенных родителей наблюдались более высокие уровни эмоционального контроля, заботы, подавления агрессивности и авторитета родителей, в то время как у неженатых/незамужних, но находящихся в отношениях, показатели были ниже. Влияние числа детей в семье также оказалось значимым: в многодетных семьях наблюдались определенные ограничения контроля и самостоятельного поведения, особенно в аспектах самостоятельных действий матери и уравнивания взаимоотношений ($p < .05$).

Результаты исследования способствуют более глубокому пониманию семейной динамики в Казахстане, оптимизации стратегий родительства и разработке программ психологической поддержки.

Ключевые слова: родительская позиция, родительский стиль, семейная эмоциональная система.

S.T. Bapayeva¹, M.K. Bapayeva^{2}, F.M. Kuantkanova², M.I. Bagibayeva²,*

A.S. Aubakir², A.K. Baizdrakhmanova²

¹ Turan University, Almaty, Kazakhstan

² Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan

E-mail: s.bapayeva@turana-edu.kz

Socio-demographic characteristics of parental attitudes

Abstrakt

The study focuses on a comparative analysis of parental involvement in family life in Kazakhstan based on region of residence, family status, and the number of children in the family. The study included 380 respondents, and their emotional reactions, level of care, family dependence, will suppression, self-sacrifice, fear of being hurt, family conflicts, irritability, parental authority, and influence on child development were assessed.

H Kruskal-Wallis test results indicated statistically significant differences ($p < .05$) in verbalization, excessive care, family dependence, will suppression, self-sacrifice, fear of being hurt, irritability, excessive parental authority, aggression suppression, and stimulation of children's activity depending on the region of residence. Additionally, widowed and divorced parents exhibited higher levels of emotional control, care, aggression suppression, and parental authority, whereas unmarried respondents in relationships showed lower scores. The number of children in the family also had a significant impact, with larger families showing certain limitations in control and independent action, particularly regarding maternal autonomy and balancing relationships ($p < .05$).

The findings provide insights into family dynamics in Kazakhstan, support the optimization of parenting strategies, and inform the development of psychological support programs.

Keywords: parenting position, parenting style, family emotional system.

Кіріспе Қазіргі қоғамда ата-ана болу – тұлға өміріндегі негізгі әлеуметтік рөлдердің бірі. Ата-ана үшін отбасылық өмір кезеңі – ең басты құндылық. Алайда, ата-ана болу үдерісі кәсіби еңбек пен отбасылық міндеттер арасындағы қайшылықтарға, бала күтіміндегі теңсіздікке және ерлі-зайыптылардың бір-біріне деген сенімдерінің сәйкес келмеуіне байланысты айтарлықтай психологиялық жүктемелермен қатар жүреді. Гендерлік нормалар, экономикалық жағдай мен мәдени дәстүрлер ана мен әкенің тәжірибесіндегі өзгешелікті қалыптастырып, олардың әлауқатына сан түрлі ықпал етеді [1, 2].

Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, ата-ана үшін бала тәрбиесі – мағыналы әрі эмоциялық тұрғыдан бай өмірлік тәжірибе. Ата-ананың өз рөліне көңілі толуы (қанағаттануы) неке қатынастарының сапасына және өз бойындағы ата-ана құзыреттілігін сезіну деңгейіне тікелей байланысты [1, б. 188-199].

Ата-ананың қанағаттануының негізгі көздеріне:

- баласына деген эмоциялық жақындық және сүйіспеншілік;
- ата-ана болу дағдыларына деген сенімділік;
- ерлі-зайыптылар арасындағы жағымды және қолдаушы серіктестік жатады [2].

Ата-ана ұстанымдарын зерттеуде әртүрлі теориялық бағыттар ұсынылғанымен, ата-ана мінез-құлқының қалыптасу тетігін түсіндіруде бірдей көзқарасты ұстанбайды.

Екіұшты түсініктер көбінесе ата-ананың бала өміріне араласу деңгейі, баланың тәуелділігі немесе оның дербестігі, сондай-ақ отбасы мүшелері қажеттіліктерінің теңгерімі сияқты мәселелерде жиі кездеседі. Құзыретті әрі тиімді ата-аналар нақты жағдайдың талаптарына сәйкес өз мінез-құлқын өзгертуге қабілетті келеді.

Экономикадағы тұрақсыздық пен жұмыс нарығының өзгеруі отбасының үйреншікті бейнесін өзгертуде. Қазір «үй шаруасындағы әке» деген түсінік таңсық емес. Мұндай жағдай ер адамдардың бала тәрбиесіне белсене қатысуына мүмкіндік береді. Нәтижесінде отбасында ер мен әйелдің құқығы теңесіп, өзара байланысы күшейеді [3, б. 21-38].

Табысы төмен отбасылардағы әкелердің рөлі көбінесе қаржы табу, баланы қорғау, оны тәрбиелеу мен оқыту міндеттерін қатар атқарумен сипатталады. Мұндай жағдай ата-ана ұстанымы мен іс-тәжірибесін қалыптастыруда әлеуметтік-экономикалық ортаның маңыздылығын айқындайды [4, б. 642-664].

Осы ортаның әсерінен қалыптасатын ата-ана ұстанымдарын зерттеуде үш негізгі компонентті бөліп көрсетуге болады: *бағалау, когнитивтік және интенционалдық* [5, б. 278].

Бағалау компоненті – нысанның ата-аналарының тәрбиелеу жағдайын бағалауы.

Когнитивтік компонент шындық ретінде қарастырылатын және баланы тәрбиелеу стратегиясы мен тактикасын құру үшін пайдаланылатын білім немесе идеялар жүйесінен құралады [6, б. 271-286].

Ата-ананың баламен қарым-қатынасындағы мінез-құлық элементі олардың баланы тәрбиелеудегі нақты мақсаты мен ішкі ниетін білдіреді, яғни баланы тәрбиелеудің нақты тәжірибесі. Ұстанымдардың осы үш негізгі компоненттерінен басқа, ата-аналардың құндылықтары, баланы қабылдау және ата-аналардың өздерін қабылдауы ерекшеленеді. Бағалау көбінесе ұстанымдардың синонимі ретінде қолданылып, абстрактілі тәрбиелік мақсат ретінде қарастырылады (мысалы, бақытты баланы тәрбиелеу). Баланы сол қалпында қабылдау (мінезінің қиындығына қарамастан), ата-ананың оның әрбір іс-әрекетіне қайтаратын жауап қату мәнерінен байқалады. Түйіндей айтқанда, ата-ананың өз мәртебесін қалай бағалайтыны және баламен байланыс барысында өзін қалай сезінетіні де үлкен рөл атқарады.

Ата-ана рөлдері мен міндеттерді бөлу үдерісі мәдени құндылықтар, мемлекеттің отбасылық саясаты және әлеуметтік-экономикалық жағдайлар негізінде қалыптасады. Дәстүрлі гендерлік қағидалар сақталған елдердің өзінде бала күтіміне арналған демалыс пен мектепке дейінгі тәрбие қызметтері отбасындағы теңсіздікті азайтатын маңызды құрал саналады [2].

Зерттеулер көрсеткендей, балаға қатысты ұстанымдардың сипатына ата-аналардың әлеуметтік-экономикалық мәртебесінің де ықпалы бар. Әлеуметтік-экономикалық тапқа

жататын аналар тәртіптің қатандығымен ерекшеленеді, өздерін орта тап өкілдері деп есептейтін аналармен салыстырғанда балаға қатысты мәселелері үшін жауапкершілікті сезінбейді. Орта тапқа жататын аналардың балалар тәуелсіздігіне қатысты оң көзқарастары байқалады [6]. Жұмыскерлер табына жататын аналар балаларда иланушылықты, жақсы әдепті қалыптастыруды басым құндылық ретінде қарастырып, тәрбиеде мәжбүрлеу әдістерін жиірек қолданады [7, б. 471-480]. Кохтың пікірінше, жұмысшы кәсіптеріне беделге бағыну, нұсқаулықты орындау қабілеті сияқты құндылықтардың тән болуымен байланысты. Аналардың жоғары кәсіби деңгейінің жоғары болуы өзін-өзі реттеу, бастамашылдық және креативтілік сияқты басқа да құндылықтарды негіздейді.

Тәрбиеге қатысты ұстанымдар некеге қанағаттанумен де байланысты. Бақытты некедегі аналар балаларға деген ыстық ықыласты көрсетеді, балаларды тәуелсіздікке көбірек ынталандырады және балалардың теріс мінез-құлқына шыдамдылық танытады [8, б. 504-514].

Әдеби шолу

Ата-ана ұстанымдары мен ата-ана мінез-құлқына қатысты мәселесі 20 - ғасырдың ортасынан бастап белсенді зерттелінгенімен, әлі де зерттеу олқылықтары сақталуда. Ата-ана ұстанымдарының құрылымдық және деңгейлік талдауының жеткіліксіз интеграциясы, сондай-ақ ата-ана болудың гендерлік, мәдени және әлеуметтік-экономикалық детерминанттарын ескеретін кешенді модельдердің шектеулігі байқалады.

Ғылыми контекстінде ата-ана ұстанымдарын зерттеудің төрт теориялық тұрғысы бар. Бірінші тұрғыда, ата-ана мінез-құлқының ерекшеліктері оның себептерін айқындайтын каузальды атрибуциялармен (себептілік сипаттамаларымен) сәйкестендіріледі.

Атрибуциялардың пайда болуы баланы тәрбиелеудің нақты тәжірибесімен және ата-ананың өзінің өмір сүру тарихымен байланысты. Ата-аналардың балалардың мінез-құлқын себепті түсіндіруі нақты тәрбие тәжірибелерімен айқындалады. Егер ана бала өзінің теріс мінез-құлқы үшін жауапты болады деп есептесе, онда олар неғұрлым қатаң тәртіптік техниканы таңдайды [9, б. 201-233].

Ақпаратты өңдеу тұрғысынан алғанда, ата-ана – баламен қарым-қатынас тәжірибесін саралап, белгілі бір іс-әрекет стратегияларын айқындайтын аралық буын (медиатор) ретінде анықталады. Миллс пен Рубин [10, 138-151-бб.] баланың әлеуметтік дағдыларын дамытудағы ата-ана ақпараттық-процессуалдық моделіне сипаттама берді.

Осы модельге сәйкес ата-аналар баланы әлеуметтендіру міндеттерін белгілейді, оларды тәрбиелеу стратегияларын айқындайды, демек ата-ана белсенді әрекеті етеді деуге болады. Бала әлеуметтену міндеттеріне жауап бермесе, реактивті стратегиялар қолданылады.

Үшінші, *конструктивті тұрғы* шеңберінде ата-ана ұсыныстары қоршаған орта факторлары мен ата-ана стратегиялары арасындағы медиатор ретінде емес, ата-ана мен баланың өзара әрекеттестігінің бастапқы нүктесі ретінде қарастырылады.

Соңғы төртінші тұрғы, *транзакттік*, ата-ана түсініктерінің бастауы ретінде мәдениеттің рөлін баса көрсетеді [11, б. 280]. Палисиос [12, б. 137-155] ата-аналардың өмір салтына байланысты *дәстүрлі, заманауи және қарама-қайшылықты* типтерін бөліп көрсетеді. Дәстүрлі тип білім деңгейі төмен, бала күтіміне келгенде енжар және баланың дамуына ықпал ету мүмкіндігіне сенімі өте төмен ата-аналар.

Жоғарыда қарастырылған модельдерде бірқатар теориялық қайшылықтар бар. Аттитюдтік модельдер мінез-құлықты саналы талдау деп түсіндіреді және жеке деңгейге басымдылық береді, ал транзакттік модель мәдени нормаларды басым фактор ретінде қарастырады және жүйелі ықпалға назар аударады. Бұндай қарама-қайшылықтар ата-ана мінез-құлқын түсіндіру үшін бір ғана теорияның жеткіліксіз екендігін көрсетеді.

Ата-аналардың заманауи үлгісі жоғары білімді, баланың дамуына ықпал ету мүмкіндігіне жоғары сенімі бар ата-аналар. Қазіргі заманауи үлгідегі ата-аналар қалалық жерлерде басым.

Қарама-қайшылықты типтегі ата-аналарға орта білім деңгейі тән, олар өздерін баланың дамуындағы басты фигура ретінде қарастырмайды, керісінше, органың детерминизміне сенеді.

Транзакттік тәсілде мәдениет отбасылық жүйенің реттеуші контексті ретінде қарастырылады. Отбасылық салт-дәстүрлер отбасы мүшелерінің арасындағы өзара әрекеттестікті реттейтін отбасылық мәдени кодты құрайды. Ата-ана ұстанымдары жанұялық кодтың бір бөлігі ретінде қарастырылады [13, б. 347-369].

Транзакттік тәсілге сәйкес, ата-ана түсініктері – айтарлықтай статикалық феномендер және өзгерістерге бейім емес.

Ата-ана ұстанымдары танымдық, сезімдік және іс-әрекеттік элементтерге негізделеді. Ата-ана сенімі мен олардың ұстанымдары ажырамас бірлікте болады. Олар өзгелерден өздерінің ата-ана рөлін құрметтеуді және сол рөлге сай келетін қарым-қатынасты күтеді. Бұл ретте, ата-ана өз іс-әрекеттерін қоғамдық сеніммен үйлестіруге тырысады.

Ата-ана ұстанымдары мен сенімдері үш деңгейін қамтиды:

«біз – ата-анамыз» (ерлі-зайыптылардың қарым-қатынасындағы репродуктивтік нұсқаулар);

«біз – баламыздың ата-анасымыз» (бала-ата-ана қарым-қатынасы);

«бұл – біздің баламыз» (балаға қатысты ұстанымдар мен сенімдер).

Бірінші деңгей репродуктивтік ұстаныммен сипатталады. Репродуктивтік ұстанымның негізінде «тұлғаның ерекше психологиялық жай-күйі ретінде балаларға деген қажеттілік жатыр» [14, б. 270].

Мұндай тұжырым кең таралғанымен, ғылыми ортада бұл қажеттіліктің мәні мен маңызына қатысты ортақ ұстаным жоқ. Зерттеушілердің көбі баланың барлық қажеттіліктерін бір жүйеге біріктіріп, оларды кешенді түрде өтеу қажеттігімен келіседі

Бала сүю қажеттілігі тек табиғи заңдылық немесе биологиялық негізбен шектелмейді. А.И. Антонов адам бойында бала тууды тікелей басқаратын инстинкт жоқ деп есептейді. Оған дәлел – адамның ұрпақ өрбіту кезеңіне саналы бақылау жасай алуы. Демек, ата-ана болу – табиғи автоматтылық емес, саналы шешімнің жемісі.

Балалы болу қажеттілігін екі тұрғыдан қарастыруға болады. Біріншісі – ата-ананың белгілі бір қоғамға тән отбасы үлгісін құруға ұмтылуы болса, екіншісі – олардың балаларға деген шынайы мейірімі мен ішкі ұстанымдары. Мұндағы репродуктивті бағдар негізінен отбасында қанша бала болуы керектігі туралы түсініктерді қамтиды. [15, б. 640].

Балаларға деген қажеттіліктің қалыптасуына және сәйкесінше репродуктивтік ұстанымның қалыптасуына бірқатар жағдайлар әсер етеді: қоғамда, әсіресе жақын әлеуметтік ортада қалыптасқан отбасы өмір салты, балалар санына қатысты типтік нормалар; отбасының өмір сүру салты және ондағы балалардың саны; ерлі-зайыптылардың әрқайсысын балалардың саны мен жынысына қатысты жеке сенімдері, балаларды қартайғанда көмекші және тірек ретінде қабылдау, өз тегін, отбасын жалғастырушы ретінде қарау, ата-ана ретінде өзін-өзі танытуға ұмтылысы. Бірінші деңгейдегі ұстанымдар мен күтулердің тағы бір көрінісі ерлі-зайыптылардың ата-ана ретінде бір-біріне қатысты ұстанымдары мен күтулері болып табылады, яғни бұл жерде әңгіме функциялар мен рөлдерді жариялы немесе жасырын бөлу туралы болып отыр.

Біздің пайымдауымызша, ерлі-зайыптылардың бір-біріне қатысты ұстанымдары мен сенімдерінің сәйкестігі некеге қанағаттану деңгейіне тікелей әсер етеді. Екінші деңгей тәрбие стилі арқылы жүзеге асырылады. Бұған ата-ананың тәрбиедегі басымдықтары, өз рөлдеріне көзқарасы, жазалау мен ынталандыру жүйесін таңдауы, қарым-қатынастағы икемділік (көшбасшылық тізгінін алмастыру), сондай-ақ баланың бастамашылығына деген көзқарасы мен жалпы тәрбиелік бағдары кіреді.

Үшінші деңгей ата-ана санасында қалыптасқан бала бейнесіне тікелей қатысты және олардың өз рөліне көңілі толу деңгейімен тығыз байланысты. Дәл осы кезеңде баланың мінсіз (идеалды) бейнесі мен шынайы болмысын (саналы немесе санадан тыс) ұдайы салыстыру үдерісі жүреді. Мұндай салыстыру нәтижесі ата-ананың балаға деген қарым-қатынасына тікелей әсер етіп, оның сипатын айқындайды [16, б. 216].

Ата-ана ұстанымдары мен сенімдері – өзге де әлеуметтік бағдарлар секілді, ата-ана болу аясындағы мақсаттар мен оған жету құралдарына бағытталады. Сәйкесінше, олар: когнитивтік (танымдық), эмоциялық (сезімдік) және мінез-құлықтық үш негізгі аспектіні қамтиды.

Когнитивтік аспект қоғамның репродуктивтік нормасы туралы, ата-ана рөлдерін бөлу туралы білім мен түсініктерге қатысты, сондай-ақ баланың шынайы және мінсіз бейнесін қамтиды. Эмоциялық аспект көзқарастар, пікірлер, бағалар жиынтығы, сондай-ақ ата-ана ұстанымдары мен сенімдерін іске асырудағы үстем эмоциялық фон ретінде көрінеді.

Сонымен ата-ана ұстанымдары мен сенімдерінің мінез-құлық аспектісі репродуктивті мінез-құлықта, ерлі-зайыптылардың өзара қарым-қатынасында, ата-ана қатынастарында, отбасылық тәрбие стилінде көрініс табады.

А.С. Спиваковская ата-ана сүйіспеншілігінің негізгі сегіз түрін бөліп көрсетеді, олар ата-аналардың балаларға деген қарым-қатынасын бейнелеп, пәрменді махаббат (ұнату, құрмет, жақындық); шеттетілген махаббат (ұнату, құрмет болғанымен, қарым-қатынастағы үлкен қашықтық); пәрменді аяушылық (ұнату, жақындық болғанымен, құрмет көрсетпеу); бас тарту (апатия, құрметтемеу, қарым-қатынастағы алшақтық); жек көру (ұнатпау, құрметтемеу және қарым-қатынастағы арақашықтықтың жақындығы); қудалау (ұнатпау, құрмет, жақындық); бас тарту (ұнатпау, құрмет, қарым-қатынастағы алшақтық); бас тарту (ұнату, құрметтемеу, қарым-қатынастағы алшақтық) [17, б. 38-45].

А.Е. Личко мен Э.Г. Эйдемиллер отбасылық тәрбие стильдерінің кеңейтілген жіктелімін ұсынды. Бұл жіктеме, өз мәнінде, ата-ана ұстанымдарын балаға жеткізу (трансляциялау) тәсілі ретінде қарастырылады:

1. Гипопротекция. Ата-ана тарапынан қамқорлық пен бақылаудың жеткіліксіздігі, кейде баланың мүлдем қадағалаусыз қалуы. Ол баланың физикалық және рухани әл-ауқатына, қызығушылықтары мен ішкі уайымдарына мән бермеу немесе бейжай қарау түрінде көрінеді.

Жасырын гипопротекция кезінде сырттай (формальды) бақылау болғанымен, ата-ана мен бала арасында шынайы жылулық пен қамқорлық болмайды. Психопатиялық дамудың бұл түрінің негізінде баланың махаббат пен өзін ата-анасының қабылданын сезіну қажеттілігінің өтелмеуі, сондай-ақ эмоциялық алшақтық пен отбасынан оқшаулану қаупі жатыр.

2. Үстем (доминантты) гиперпротекция. Балаға шамадан тыс назар аудару және оны үнемі қатаң бақылауда ұстау. Мұндай ұстаным көптеген шектеулер мен тыйымдармен сипатталады, нәтижесінде баланың бойында дербестіктің жоғалуына, бастамасыздық пен жасқаншақтыққа әкеп соғады. Ата-ананың мұндай қарым-қатынас түрі баланың «Мен» тұжырымдамасына кері әсер етіп, оның бойында ішкі наразылық сезімін тудырады.

3. Кешірімді (бетімен жіберуші) гиперпротекция. «Отбасы кумирі» үлгісі бойынша тәрбиелеу. Мұндай жағдайда ата-ана баланың барлық тілектерін мүлтіксіз орындап, оған шексіз қамқорлық пен сүйіспеншілік көрсетеді. Бұл стиль балаға қойылатын талаптардың төмендігімен немесе оның мүмкіндіктерін асыра бағалаумен сипатталады. Нәтижесінде бала өз ресурстарын дұрыс сараламай, жеткілікті табандылық танытпастан, кез келген ортада көшбасшылыққа ұмтылатын болады.

4. Эмоциялық шеттету (қабылдамау). Баланың қажеттіліктерін елемей және оған жиі қатыгездік таныту. Жасырын эмоциялық шеттету кезінде бала ата-ана тарапынан өзінің «көңілден шықпайтынын», «талапқа сай еместігін» тұрақты сезініп, іштей үлкен наразылықпен өседі. Кейде бұл стиль асыра қамқорлықпен бүркемеленгенімен, қарым-қатынаста шынайылықтың болмауы, төзімсіздік пен эмоциялық алшақтық анық байқалады. Эмоциялық қабылдамау кез келген баланың психологиялық саулығына өте зиян.

5. Жоғары моральдық жауапкершілік. Бұл стиль баланың жасы мен шынайы мүмкіндіктеріне сай келмейтін қатаң талаптар қоюмен сипатталады. Ата-ана баладан мінсіз әдептілік пен борыш сезімін талап етіп, оған жақындарының өмірі мен әл-ауқаты үшін үлкен жауапкершілік жүктейді. Баладан ұдайы биік жетістіктер күту – оның жеке мүдделері мен психофизикалық ерекшеліктерін елемейге әкеп соғады. Мұндай қарым-қатынаста ата-ана

тарапынан баланың қарапайым қателіктеріне деген төзімсіздік пен оның қажеттіліктеріне бейжай қарау нышандары байқалады [18, б. 672].

Тәрбие стильдерінің мазмұнын толықтыра түсетін келесі бір маңызды зерттеу бағыты – ата-ананың бала қажеттіліктеріне бейімделу деңгейімен байланысты. Осы тұрғыда С. Броди ата-ана қарым-қатынасының төрт түрін айқындады:

С. Броди балаға ана қарым-қатынасының төрт түрін бөліп көрсетті. Бірінші типтегі ата-ана баланың қажеттіліктеріне жеңіл және табиғи түрде бейімделеді. Екінші типтегі ата-ана баланың сұраныстарына саналы түрде икемделуге тырысады. Үшінші типтегі ата-ана тек борыш сезімін басшылыққа алады, бірақ баланың ішкі әлеміне шынайы қызығушылық танытпайды. Төртінші типтегі ата-ана ұстанымы тұрақсыз әрі қарама-қайшы келеді; олар баланың қажеттіліктерін жете түсінбейді [19, б. 209].

Жүргізілген теориялық талдау ата-ана ұстанымдарының қалыптасуы көпдеңгейлі және көпфакторлы тетіктер (механизмдер) арқылы жүзеге асатынын көрсетеді. Ата-ана ұстанымдары жекелеген психологиялық құбылыс емес, әлеуметтік-мәдени жүйе аясында қалыптасатын күрделі құрылым ретінде қарастырылады.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу дизайны

Зерттеу сандық, сипаттамалық-салыстырмалы бағытта ұйымдастырылды және көлденең дизайн негізінде жүзеге асырылды. Негізгі мақсаты – ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасының әлеуметтік-демографиялық факторларға (жас ерекшелігі, тұрғылықты мекен, отбасылық жағдай, отбасындағы балалар саны) байланысты айырмашылықтарын анықтау.

Зерттеу барысында тәуелсіз айнымалылар ретінде: ата-ананың жасы; тұрғылықты мекені; отбасылық жағдайы; отбасындағы балалар саны алынды.

Тәуелді айнымалылар ретінде ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасының көрсеткіштері (вербализация, шамадан тыс қамқорлық, отбасына тәуелділік, ерік-жігерді басу, эмоциялық өзара әрекет ерекшеліктері, бақылау, үстемдік, т.б.) қарастырылды.

Зерттеу сұрақтары

Зерттеу аясында келесі ғылыми сұрақтарға жауап ізделді:

Ата-аналардың жас ерекшелігі олардың отбасылық өмірге қатынасының қандай компоненттеріне ықпал етеді?

Аймақтық және тұрғылықты мекен ерекшеліктері ата-ана стилінің қандай айырмашылықтарын туындатады?

Отбасылық жағдай ата-аналардың эмоциялық және бақылаушылық стратегияларына қалай әсер етеді?

Отбасындағы балалар саны ата-ана тәрбие стратегияларын мен қарым-қатынасты ұйымдастыру ерекшеліктерін өзгертеді ме?

Қандай әлеуметтік-демографиялық фактор ата-ана ұстанымдарының вариативтілігіне көбірек үлес қосады?

Зерттеу болжамдары

Зерттеудің негізгі болжамдары төмендегідей тұжырымдалды:

H1. Ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасының көрсеткіштері олардың жас ерекшелігіне байланысты статистикалық мәнді айырмашылықтарға ие болады.

H2. Тұрғылықты мекен (қала/ауыл/өңірлік ерекшелік) ата-ана ұстанымдарының құрылымына ықпал етеді.

H3. Отбасылық жағдай (үйленген, ажырасқан, жесір, т.б.) ата-аналардың бақылау, тәуелділік және эмоциялық реттеу стратегияларына әсер етеді.

H4. Отбасындағы балалар саны ата-ана тәрбиесінде қатаңдық, билік ету және қарым-қатынасты теңестіру көрсеткіштерімен байланысты.

Қосымша болжам ретінде әлеуметтік-демографиялық факторлар ата-ана қатынасының барлық компоненттеріне бірдей әсер етпейді деген тұжырым ұсынылды.

Потенциалды қатысушылар әлеуметтік желілер арқылы сауалнама жүргізу арқылы іріктелді, түрлі жас топтарын ыңғайлы таңдау мүмкіндігі қарастырылды. Зерттеу 2024 жылдың 8 қыркүйек айынан 2025 жылдың 28 наурыз айы аралығында өткізілді. Жиналған деректерді талдау үшін IBM SPSS Statistics 23 және Jamovi (Version 2.6) статистикалық бағдарламалары қолданылды.

Кесте 1. Қатысушылардың демографиялық сипаттамалары

Сипаттамалары	Саны	%
Жынысы		
Ер	18	95,3
Әйел	362	4,7
Жасы		
25-34	84	22,1
25-34	180	47,4
35-44	100	26,3
55 және одан жоғары	16	4,2
Отбасылық жағдайы		
Некеде / үйленген	313	82,4
Қамқоршы, асырап алушы ата-ана	1	,3
Жесір	13	3,4
Дербес ажырасқан	42	11,1
Некеде емес, бірақ қатынастары бар	11	2,9
Отбасындағы балалар саны		
1	34	8,9
2	64	16,8
3	122	32,1
4	96	25,3
5	46	12,1
6	17	4,5
7	1	,3
Тұратын жері		
Алматы қ	200	52,6
Алматы облысы	131	34,5
Шығыс Қазақстан облысы	5	1,3
Астана қ.	1	,3
Түркістан облысы	9	2,4
Жамбыл облысы	12	3,2
Жетісу облысы	5	1,3
Қызылорда облысы	8	2,1
Маңғыстау облысы	2	,5
Шымкент қ.	5	1,3
Атырау облысы	1	,3
Батыс Қазақстан облысы	1	,3
Білімі		
Орта арнайы	218	57,4
Орта	78	20,5
Жоғары	84	22,1

Зерттеуге 380 респондент қатысты, олардың ішінде 4,7% ер адамдар, ал 95,3% әйелдер болды. Қатысушылардың жасы 25–34 жас аралығындағы тұлғалардың басым екенін көрсетті (барлығы 69,5%), ал 35–44 жас аралығындағы топ – 26,3%, ал 55 жастан асқан респонденттер – 4,2% құрады. Қатысушылардың отбасылық жағдайын талдау олардың 82,4%-ы некеде екенін көрсетті, сонымен бірге 11,1%-ы ажырасқан, 3,4%-ы жесір, 2,9%-ы некеде емес, бірақ араласатын адамдары бар, ал 0,3%-ы қамқоршы немесе асырап алушы ата-ана екені анықталды. Балалар саны бойынша таралу талдауы көрсеткендей, қатысушылардың 32,1%-ның үш баласы, 25,3%-ның төрт, 16,8%-ның екі, 12,1%-ның бес, 8,9%-ның бір, 4,5%-ның алты, ал 0,3%-ның жеті баласы бар.

Респонденттердің тұратын жері бойынша көбінесе Алматы қаласы -52,6% және Алматы облысы - 34,5% көрсеткіштері басым болды. Қалған аймақтарда қатысушылар саны әрқайсысында 5%-дан аз: Шығыс Қазақстан облысы – 1,3%, Шымкент қ. - 1,3%, Жетісу облысы - 1,3%, Түркістан облысы - 2,4%, Жамбыл облысы - 3,2%, Қызылорда облысы - 2,1%, Маңғыстау облысы - 0,5%, Астана қ., Атырау және Батыс Қазақстан облыстары – әрқайсысында 0,3%.

Қатысушылардың білім деңгейі бойынша жоғары білімді тұлғалар саны басым (57,4%), одан кейін орта арнайы білімділер - 20,5% және орта білімділер - 22,1%.

Зерттеу құралы

«Отбасы ата-ана көзімен» атты PARI әдістемесі 1958 жылы американдық психологтар Е.Шефер мен Р. Беллдің тарапынан әзірленген. Әдістеме ата-аналардың отбасылық өмірдің әртүрлі аспектілеріне, тәрбиелеу процесіне және балалармен эмоционалды өзара әрекеттесуге деген көзқарастарын зерттеуге арналған.

PARI әдістемесі ата-аналардың тәрбиелеу стилін анықтайтын сенімдер, нормалар мен күтілімдер жүйесін анықтайды. Әдістеменің түпнұсқасы 115 мәлімдемеден тұрады, оларды респонденттер төрт тармақты Лайкерт шкаласы бойынша бағалайды.

Барлық мәлімдемелер ата-ананың балаға және отбасылық өмірге деген көзқарасын егжей-тегжейлі талдауға мүмкіндік беретін 23 шкалаға бөлінеді. Қарастырылған зерттеуге сәйкес оның 8 шкаласы отбасылық рөлге қатынасты сипаттаса, 15 шкаласы ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастарға арналған.

Отбасылық рөлге қатысты көзқарас (8 шкала):

- Отбасына тәуелділік: тек үй мен балаларға ғана назар аудару.
- Өзін құрбан ету сезімі: ата-ана міндеттерін жеке құрбандық ретінде қабылдау.
- Отбасылық жанжалдар: жұбайлар арасындағы шиеленіс пен даулар.
- Үй шарусындағы рөлдерге қанағаттанбау: тұрмыстық шаруалардың көптігінен күйзелу.
- Күйеуінің немқұрайлығы: жұбайынан көмек пен эмоциялық қолдаудың болмауы.
- Ананың өз бетінше әрекет етпеуі: бала тәрбиесі мәселелерінде өзгелердің пікіріне жоғары тәуелділік.

– Ананың үстемдігі: отбасындағы шешімдерді жалғыз қабылдағысы келуі.

– Жанжалдан қашу: мәселелерді елемеуге бейімділік.

Ата-ана мен бала арасындағы қарым-қатынастар (15 шкала):

- Вербализация: баланы өз ойлары мен сезімдерін ашық білдіруге ынталандыру.
- Серіктестік қарым-қатынас: баламен тең дәрежеде қарым-қатынас жасауға ұмтылу.
- Баланың белсенділігін дамыту: тәуелсіздік пен бастамашылдықты қолдау.
- Қарым-қатынастарды теңестіру: «авторитетті ересек» пен «бағынушы бала» арасындағы қашықтықты азайту.

– Ашуланшақтық: балаға ашушандық пен қобалжу сезімдерін жиі көрсету.

– Шамадан тыс қаталдық: қатал талаптар мен жазаларға басымдық беру.

– Баланың дамуын тездетуге ұмтылу: балаланың қабілеттерінен тым жоғарғы үміт күту.

– Шамадан тыс қамқорлық: баланы өмірдің қиындықтарынан толықтай қорғағысы келу.

– Ерік-жігерді басу: баланың мінез-құлқы мен қалау-талғамын қатаң бақылау.

– Отбасынан тыс ықпалдарды болдырмау: баланы ата-анасыз өз бетінше әрекет ете

алмайтындай күйге келтіруге бағытталған санасыз ниет.

- Ренжітуден қорқу: шектен тыс бағыну, баланың ризасыздығын тудырудан қорқу.
- Агрессивті басу: баладағы кез келген қарсылық белгілерін қатал басу.
- Жыныстық сезімдерді басу: жыныстық тәрбие мәселелерінде алаңдаушылықтың артуы және тыйым салу.
- Ата-ананың артық беделдігі: сұраусыз бағыну мен құрмет талап ету.
- Баланың әлеміне шамадан тыс араласу: баланың жеке шекаралары мен сырларын құрметтемеу.

Зерттеу кезеңдері

Зерттеу бірнеше кезеңде жүргізілді:

1-кезең – Теориялық-аналитикалық кезең. Ғылыми әдебиеттерге шолу жасалып, зерттеу мәселесінің теориялық негіздері айқындалды, зерттеу болжамдары мен айнымалылар анықталды.

2-кезең – Эмпирикалық деректерді жинау. Респонденттерге сауалнама ұсынылып, деректер жинақталды. Қатысу ерікті және анонимді түрде ұйымдастырылды.

3-кезең – Статистикалық өңдеу. Деректер математикалық-статистикалық әдістер арқылы талданды. Топтар арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін Н Крускал–Уоллис критерийі (χ^2) қолданылды, себебі деректер рангілік сипатқа ие болды.

4-кезең – Интерпретация және қорытындылау. Алынған нәтижелер теориялық модельдермен салыстырылып, ғылыми тұрғыдан түсіндірілді.

Статистикалық өңдеу барысында: сипаттамалық статистика (орташа ранг, жиілік), Н Крускал–Уоллис критерийі қолданылды. Статистикалық мәнділік деңгейі $p \leq 0.05$ деңгейінде қабылданды.

Жалпы алғанда, ұсынылған әдіснама ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасының әлеуметтік-демографиялық детерминанттарын кешенді салыстырмалы талдауға мүмкіндік берді және эмпирикалық нәтижелердің ғылыми негізділігін қамтамасыз етті.

Нәтижелер және оларды талқылау. «Зерттеудің бастапқы кезеңінде респонденттердің отбасылық тәрбиедегі ұстанымдары мен балаға қатынасының ерекшеліктерін анықтау мақсатында статистикалық өңдеу жүргізілді. Ата-ананың балаға қатынасын сипаттайтын 23 өлшем бойынша алынған негізгі көрсеткіштер (орташа мән, медиана, ауытқулар және үлестірім сипаттамалары) 2-кестеде жинақталған.

Бұл деректер ата-аналардың тәрбие үдерісіндегі басым бағыттарын, сондай-ақ отбасыишілік қарым-қатынастардың эмоциялы және функционалдық тұстарын сандық тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, алынған мәліметтердің қалыпты үлестірім заңына сәйкестігін тексеру үшін Шапиро-Уилк критерийі қолданылды.

Кесте 2. Ата-ананың балаға қатынасының сипаттамалық статистикасы

Айнымалы	Орташа	Медиана	Стандартты ауытқу	Минимум	Максимум	Асимметрия	Экспесс	Шапиро-Уилк W	Шапиро-Уилк p
Вербализация	16.4	17.0	2.29	10	20	-0.308	-0.578	0.959	<.001
Шамадан тыс қамқорлық	16.0	16.0	2.65	9	20	-0.248	-0.578	0.959	<.001
Отбасына тәуелділік	14.3	14.0	3.33	7	20	0.0428	-0.736	0.968	<.001
Ерік-жігерді басу	16.4	16.0	2.79	5	20	-0.495	-0.102	0.939	<.001
Өзін құрбан ету	15.9	16.0	2.76	5	20	-0.330	0.102	0.954	<.001

сезімі									
Ренжітуден қорқу	16.3	16.0	2.42	5	20	-0.306	0.346	0.953	<.001
Отбасылық жанжалдар	14.4	14.0	3.01	5	20	0.0132	-0.348	0.977	<.001
Ашуланшақтық	14.5	14.0	3.39	5	20	0.0259	-0.767	0.962	<.001
Шамадан тыс қатандық	13.5	14.0	3.23	5	20	-0.0208	-0.323	0.983	<.001
Отбасынан тыс ықпалдарды болдырмау	15.7	16.0	2.83	8	20	-0.186	-0.792	0.959	<.001
Ата-ананың артық беделі	17.0	17.0	2.70	8	20	-0.683	-0.297	0.907	<.001
Агрессивтілікті басу	15.1	15.0	2.69	8	20	0.170	-0.612	0.965	<.001
Үй шаруасындағы рөліне қанағаттанбау	14.7	15.0	3.26	5	20	-0.320	-0.264	0.972	<.001
Серіктестік қарым-қатынас	15.5	15.0	2.78	8	20	0.0612	-0.869	0.954	<.001
Баланың белсенділігін дамыту	17.1	18.0	2.66	8	20	-0.763	-0.138	0.902	<.001
Жанжалдан қашу	13.5	13.0	3.14	5	20	0.193	-0.379	0.977	<.001
Күйеуінің немқұрайлылығы	19.0	19.0	2.96	9	24	-0.159	-0.342	0.973	<.001
Жыныстық сезімдерді басу	16.0	16.0	2.62	8	20	-0.328	-0.187	0.961	<.001
Ананың үстемдігі	13.9	14.0	3.55	5	20	-0.0653	-0.553	0.972	<.001
Баланың әлеміне шамадан тыс араласу	15.7	16.0	3.16	7	20	-0.216	-0.907	0.945	<.001
Қарым-қатынастарды теңестіру	17.2	18.0	2.46	10.0	20.0	-0.666	-0.342	0.906	<.001
Баланың дамуын тездетуге ұмтылу	14.8	15.0	3.13	6	20	-0.0461	-0.705	0.968	<.001
Ананың өз бетінше әрекет етпеуі.	16.6	17.0	2.43	8	20	-0.269	-0.632	0.943	<.001

«Ата-аналардың балаға қатынасының 23 көрсеткіші бойынша жүргізілген статистикалық мәліметтердің 380 респонденттердің тәрбие үдерісіндегі ұстанымдарының әртүрлілігін көрсетті. Көрсеткіштердің орташа мәні 13.5 пен 19.0 аралығында тұрақтаған. Алынған мәліметтердің шашыраңқылығы бірқалыпты, айтарлықтай ауытқулар байқалмайды. Шапиро-Уилк критерийінің нәтижелері барлық параметрлер бойынша маңыздылық деңгейінен төмен ($p < 0,001$). Мұндай нәтиже деректердің қалыпты үлестірім заңына сәйкес келмейтінін көрсетеді.

Зерттеудегі ең жоғары орташа көрсеткіш «Күйеуінің немқұрайлылығы» (19.0) айнымалысында тіркелді. Бұл отбасылық қатынастардағы эмоциялы алшақтықтың тәрбиеге жанама әсері жоғары екенін меңзейді. Сонымен қатар «Қарым-қатынастарды теңестіру» (17.2) және «Баланың белсенділігін дамыту» (17.1) көрсеткіштерінің жоғары болуы ата-аналардың баламен серіктестік орнатуға және оның тұлғалық өсуіне жағдай жасауға ұмтылатынын байқатады.

«Ата-ананың артық беделі» (17.0) мен «Вербализация» (16.4) көрсеткіштері тәрбиедегі авторитарлық элементтердің сақталуын және ашық сөйлесудің маңыздылығын көрсетеді. Ал «Шамадан тыс қатандық» (13.5) пен «Ананың үстемдігі» (13.9) мәндерінің төмендігі

отбасындағы қатаң бақылау мен ана үстемдігінің бәсеңдегенін білдіреді. Осындай нәтиженің тәрбиедегі шектеулер мен қарама-қайшылықтардың болу ықтималдылығына меңзейді.

Айнымалылардың стандартты ауытқуы (2.29–3.55) деректердің орташа мән төңірегінде біртекті жинақталғанын растайды. Асимметрия коэффициентінің көбінесе теріс мәнді болуы (мысалы, «Баланың белсенділігін дамытуда» -0.763) респонденттердің басым бөлігінің оңтайлы тәрбие тәсілдерін көбірек таңдайтынын дәлелдейді.

Осыған байланысты, кейінгі есептеулерде параметрлік емес әдістерді қолдану орынды. Асимметрия мен эксцесс көрсеткіштері деректердің орташа мән төңірегіне тығыз шоғырланғанын растайды.

Зерттеудің келесі кезеңінде ата-аналардың білім деңгейінің, жас ерекшелігінің, тұрғылықты мекенінің, отбасылық жағдайы мен балалар санының отбасылық өмірге және бала тәрбиесіне қатысты ұстанымдарына әсері талданды.

Респонденттер білім деңгейіне қарай үш топқа (жоғары, орта арнаулы және орта білім) бөлінді. Деректердің қалыпты үлестірім заңына сәйкес келмеуіне байланысты, үш немесе одан да көп тәуелсіз таңдалымдар арасындағы айырмашылықтарды анықтау мақсатында параметрлік емес Н Крускал-Уоллис критерийі қолданылды. Алынған нәтижелер мен статистикалық маңыздылық деңгейлері 3-кестеде көрсетілген.

Кесте 3 . Ата-ананың білім деңгейі, жасы, тұрғылықты мекені, отбасылық жағдайы және балаларының саны бойынша отбасылық өмірге қатынасының айырмашылықтары

Айнымалы	Білім деңгейі (χ^2 / p)	Жасы (χ^2 / p)	Тұрғылықты мекені (χ^2 / p)	Отбасылық жағдайы (χ^2 / p)	Балалар саны (χ^2 / p)
Вербализация	2.916 / .233	12.483 / .006	23.464 / .015	11.664 / .020	11.437 / .076
Шамадан тыс қамқорлық	15.112 / .001	13.151 / .004	24.744 / .010	17.168 / .002	8.905 / .179
Отбасына тәуелділік	8.496 / .014	19.028 / .000	28.782 / .002	17.886 / .001	6.069 / .416
Ерік-жігерді басу	13.186 / .001	7.982 / .046	28.766 / .002	18.535 / .001	13.427 / .037
Өзін құрбан ету сезімі	14.525 / .001	11.094 / .011	23.377 / .016	8.637 / .071	11.542 / .073
Ренжітуден қорқу	3.207 / .201	5.427 / .143	28.064 / .003	7.294 / .121	6.064 / .416
Отбасылық жанжалдар	1.519 / .468	5.135 / .162	13.382 / .269	3.372 / .498	11.898 / .064
Ашуланшақтық	14.526 / .001	15.249 / .002	22.349 / .022	15.663 / .004	10.071 / .122
Шамадан тыс қатаңдық	1.538 / .464	6.246 / .100	11.771 / .381	4.839 / .304	9.025 / .172
Отбасынан тыс ықпалдарды болдырмау	7.819 / .020	8.866 / .031	20.051 / .045	20.242 / .000	10.434 / .108
Ата-ананың артық беделі	11.415 / .003	4.716 / .194	26.320 / .006	10.874 / .028	16.469 / .011
Агрессивтілікті басу	3.980 / .137	11.084 / .011	26.524 / .005	14.044 / .007	6.787 / .341
Үй шаруасындағы рөліне қанағаттанбау	4.566 / .102	7.333 / .062	19.727 / .049	6.538 / .162	10.698 / .098
Серіктестік қарым- қатынас	4.052 / .132	14.446 / .002	16.866 / .112	7.395 / .116	6.786 / .341
Баланың белсенділігін дамыту	3.508 / .173	3.048 / .384	34.879 / .000	16.112 / .003	11.211 / .082
Жанжалдан қашу	2.966 / .227	5.087 / .166	17.825 / .086	9.258 / .055	13.498 / .036
Күйеуінің немқұрайлылығы	9.239 / .010	5.987 / .112	28.227 / .003	15.357 / .004	13.615 / .034
Жыныстық	8.531 / .014	11.765 / .008	23.992 / .013	11.657 / .020	5.089 / .532

сезімдерді басу					
Ананың үстемдігі	7.486 / .024	19.222 / .000	21.655 / .027	9.386 / .052	6.548 / .365
Баланың әлеміне шамадан тыс араласу	9.917 / .007	12.850 / .005	32.039 / .001	9.336 / .053	5.426 / .490
Қарым-қатынастарды теңестіру	3.522 / .172	3.724 / .293	30.752 / .001	17.935 / .001	16.726 / .010
Баланың дамуын тездетуге ұмтылу	7.791 / .020	7.684 / .053	23.351 / .016	12.187 / .016	11.781 / .067
Ананың өз бетінше әрекет етпеуі	5.989 / .050	4.911 / .178	23.701 / .014	7.274 / .122	21.508 / .001

Зерттеу барысында алынған деректерді Крускал-Уоллис критерийі арқылы талдауы ата-аналардың білім деңгейі мен олардың отбасылық өмірге, бала тәрбиесіне қатысты ұстанымдары арасында бірқатар маңызды статистикалық байланыстар бар екенін көрсетті.

Жүргізілген талдау нәтижесінде 23 айнымалының 14-і бойынша топтар арасында статистикалық маңызды айырмашылықтар ($p < 0.05$ және $p < 0.01$) анықталды. Атап айтқанда, «шамадан тыс қамқорлық» ($p=.001$), «ерік-жігерді басу» ($p=.001$), «өзін құрбан ету сезімі» ($p=.001$), «ашуланшақтық» ($p=.001$) және «ата-ананың артық беделі» ($p=.003$) шкалалары бойынша білім деңгейі орташа респонденттерде орташа ранг көрсеткіштері айтарлықтай жоғары болды. Сондай-ақ «күйеуінің немқұрайлылығы» ($p=.010$), «жыныстық сезімдерді басу» ($p=.014$), «баланың әлеміне шамадан тыс араласу» ($p=.007$) және «баланың дамуын тездетуге ұмтылу» ($p=.020$) өлшемдері бойынша да білім деңгейі жоғары ата-аналар ең төменгі ранг көрсеткіштерін иеленді.

Бұл деректер ата-ананың білім деңгейі өскен сайын отбасылық қарым-қатынастағы диктаторлық және шектеуші әдістердің азаятынын айғақтайды. Керісінше, «вербализация», «отбасылық жанжалдар» және «серіктестік қарым-қатынас» сияқты шкалалар бойынша топтар арасында айтарлықтай айырмашылық байқалмады, бұл аталған факторлардың білім деңгейіне қарамастан ұқсас деңгейде көрініс табатынын көрсетеді.

Алынған мәліметтерді психологиялық тұрғыдан пайымдайтын болсақ, ата-ананың білім деңгейі оның тәрбие беру стилінің демократиялылығын анықтайтын негізгі фактордың бірі екенін көруге болады. Орта және орта арнаулы білімі бар ата-аналардың «шамадан тыс қамқорлық» пен «ерік-жігерді басуға» бейімділігі олардың бала тәрбиесіндегі авторитарлық бақылауды қауіпсіздік кепілі ретінде көруімен түсіндіріледі. Мұндай ата-аналар баланы жеке тұлға ретінде емес, өздерінің бір бөлігі немесе меншігі ретінде қабылдап, оның дербестігін шектеуге тырысады.

«Өзін құрбан ету сезімі» мен «ашуланшақтықтың» білім деңгейі төмен топта жоғары болуы олардың эмоциялы интеллект деңгейі мен стресске төзімділігінің ерекшеліктеріне байланысты болуы мүмкін. Олар бала тәрбиесін ауыр міндет немесе «құрбандық» ретінде қабылдап, соның салдарынан ішкі агрессия мен өкпе-ренішті жиі сезінеді.

Ал жоғары білімді ата-аналардың «бала әлеміне араласу» мен «дамуды тездету» бойынша төмен ұпай жинауы олардың баланың табиғи даму қарқынына құрметпен қарайтынын және оған психологиялық кеңістік қалдыра алатынын көрсетеді. Бұл топтағы ата-аналар тәрбиедегі қатаң шектеулерден гөрі, саналы бағыт-бағдар беруді және баланың өзіндік «Мен» тұжырымдамасының қалыптасуына жағдай жасауды басты орынға қояды. Осы талдау негізінде білім деңгейінің өсуі ата-ана ұстанымының «бақылаушы-басушы» моделінен «қолдаушы-бағыттаушы» моделіне ауысуына ықпал етеді деген қорытынды жасауға болады.

Ата-аналардың жас ерекшеліктерінің отбасылық құндылықтар мен бала тәрбиесіне қатысты ұстанымдарына тигізетін ықпалы бойынша респонденттер жас шамасына қарай төрт негізгі топқа (25-34 жас, 35-44 жас, 45-55 жас және 55 жастан жоғары) жіктелді. Крускал-Уоллис критерийінің нәтижелері ата-аналардың жас ерекшелігі олардың тәрбиелік

ұстанымдарына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті. Төрт жас тобы арасында 23 айнымалының 12-сі бойынша статистикалық маңызды айырмашылықтар ($p < .05$) тіркелді.

Статистикалық мәнді айырмашылықтар ($p < 0,05$) келесі айнымалылар бойынша анықталды: вербализация ($\chi^2=12,483$; $p=0,006$), шамадан тыс қамқорлық ($\chi^2=13,151$; $p=0,004$), отбасына тәуелділік ($\chi^2=19,028$; $p=0,000$), ерік-жігерді басу ($\chi^2=7,982$; $p=0,046$), өзін құрбан ету сезімі ($\chi^2=11,094$; $p=0,011$), ашуланшақтық ($\chi^2=15,249$; $p=0,002$), отбасынан тыс ықпалдарды болдырмау ($\chi^2=8,866$; $p=0,031$), агрессивтілікті басу ($\chi^2=11,084$; $p=0,011$), серіктестік қарым-қатынас ($\chi^2=14,446$; $p=0,002$), жыныстық сезімдерді басу ($\chi^2=11,765$; $p=0,008$), ананың үстемдігі ($\chi^2=19,222$; $p=0,000$), баланың әлеміне шамадан тыс араласу ($\chi^2=12,850$; $p=0,005$). Аталған көрсеткіштердің барлығында дерлік 55 жас және одан жоғары топтың орташа рангтері ең жоғары мәнге ие (мысалы, отбасына тәуелділік – 283,97; ашуланшақтық – 276,00; ананың үстемдігі – 273,81), бұл егде жастағы ата-аналарда бақылау, тәуелділік, шектеу және эмоциялық қысым элементтерінің айқынырақ көрінетінін көрсетеді.

25–34 жас аралығындағы ата-аналар көп жағдайда ең төмен орташа рангтерді көрсеткен (мысалы, ананың үстемдігі – 154,55; отбасына тәуелділік – 159,07; агрессивтілікті басу – 160,99), бұл жас ата-аналардың қарым-қатынаста икемдірек, демократиялық және серіктестікке бейім екенін аңғартады. 35–44 және 45–55 жас топтары аралық ұстанымды иеленеді, алайда бірқатар көрсеткіштер бойынша (мысалы, агрессивтілікті басу – 200,94; баланың дамуын тездетуге ұмтылу – 200,18) 45–55 жас тобының бақылаушылық бетбұрыстары күшейе түсетіні байқалады.

Отбасына тәуелділік пен ананың үстемдігі көрсеткіштері бойынша алынған жоғары χ^2 мәндері (тиісінше 19,028 және 19,222; $p=0,000$) жас факторының отбасындағы билік құрылымы мен эмоциялық тәуелділік сипатына айтарлықтай ықпал ететінін дәлелдейді. Егде жастағы ата-аналарда отбасылық иерархияның қатаң сақталуы, ананың беделінің жоғары болуы және баланың дербестігін шектеу бетбұрысы басымырақ. Сонымен қатар жыныстық сезімдерді басу мен агрессивтілікті тежеу көрсеткіштерінің жоғарылауы дәстүрлі құндылықтарға бағдарлану мен эмоцияларды ашық білдіруге шектеу қоюмен байланысты болуы мүмкін.

Ал статистикалық мәнге жетпеген айнымалылар (ренжітуден қорқу, отбасылық жанжалдар, шамадан тыс қатаңдық, ата-ананың артық беделі, үй шаруасындағы рөліне қанағаттанбау, баланың белсенділігін дамыту, жанжалдан қашу, күйеуінің немқұрайлылығы, қарым-қатынастарды теңестіру, баланың дамуын тездетуге ұмтылу, ананың өз бетінше әрекет етпеуі) бойынша жас топтары арасында айырмашылықтар болғанымен, олар статистикалық сенімді деңгейге жетпеген ($p > 0,05$). Бұл көрсеткіштер отбасылық өмірдің кейбір қырлары жасқа қарағанда тұлғалық ерекшеліктерге, әлеуметтік-мәдени ортаға немесе нақты отбасылық жағдайларға көбірек тәуелді болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, нәтижелер ата-аналардың жасы ұлғайған сайын отбасылық қатынастарда бақылау, тәуелділік, үстемдік және шектеушілік сипаттарының күшейетінін, ал жас ата-аналарда серіктестікке, ашық коммуникацияға және икемділікке бейімділік жоғары екенін көрсетеді. Бұндай бетбұрыс ұрпақаралық құндылық айырмашылықтарымен, әлеуметтік тәжірибенің жинақталуымен және дәстүрлі тәрбиелік модельдердің ықпалымен түсіндірілуі мүмкін. Осылайша, зерттеу нәтижелері жас ерекшелігі факторын ата-ана ұстанымдары мен отбасылық өзара әрекеттестік стилін талдауда маңызды детерминант ретінде қарастыру қажеттігін дәлелдейді.

Дегенмен, жас ұлғайған сайын байқалатын «ашуланшақтық» пен «ерік-жігерді басу» бетбұрыстардың артуы ата-ана рефлексиясының төмендеп, авторитарлық әдістерге көбірек жүгіну қаупі бар екенін көрсетеді. Жалпы алғанда, жас ата-аналар баламен тең дәрежеде диалог құруға ашық болса, ересек буын тәрбиені қатаң иерархия мен шектеулер жүйесі ретінде қабылдайды.

Респонденттердің тұрғылықты мекенінің отбасылық құндылықтар жүйесіне және бала тәрбиесіне қатысты ұстанымдарына әсерін зерттеу мақсатында Қазақстанның әртүрлі

өңірлеріндегі әлеуметтік-мәдени ортаның өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, қатысушылар тұратын аймақтарына қарай топтастырылды. Бұл талдау әдісі географиялық орналасу мен аймақтық менталитеттің ата-ана ұстанымын қалыптастырудағы рөлін анықтауға мүмкіндік берді. Астана қаласы, Батыс Қазақстан облысы және Атырау облысы бойынша сыналушылар саны 1-тең болған соң олардың нәтижесі есептен алынып тасталды. Н критерийі үшін $n_1 \geq 3$, $n_2, n_3 \geq 2$ тең болған жағдайда есеп жасауға болады.

Сыналушылардың тұрғылықты мекен-жайы бойынша отбасылық қарым-қатынас ұстанымдарын Крускал-Уоллис критерийімен талдау нәтижесінде 23 айнымалының 19-ы бойынша статистикалық маңызды айырмашылықтар анықталды. Нәтижелер өңірлік мәдени-әлеуметтік факторлардың тәрбие парадигмасына тікелей әсерін айғақтатады.

Зерттеу нәтижелері аймақтық фактордың ата-ана ұстанымдары мен отбасылық өзара әрекеттестік стиліне елеулі ықпал ететінін көрсетеді. Айнымалылардың басым бөлігі бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталған ($p < 0,05$), бұл ата-аналардың тәрбиелік стратегиялары мен эмоциялық реакциялары әлеуметтік-мәдени орта ерекшеліктерімен тығыз байланысты екенін дәлелдейді.

Статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтар келесі көрсеткіштер бойынша тіркелді: вербализация ($\chi^2=23,464$; $p=0,015$), шамадан тыс қамқорлық ($\chi^2=24,744$; $p=0,010$), отбасына тәуелділік ($\chi^2=28,782$; $p=0,002$), ерік-жігерді басу ($\chi^2=28,766$; $p=0,002$), өзін құрбан ету сезімі ($\chi^2=23,377$; $p=0,016$), ренжітуден қорқу ($\chi^2=28,064$; $p=0,003$), ашуланшақтық ($\chi^2=22,349$; $p=0,022$), отбасынан тыс ықпалдарды болдырмау ($\chi^2=20,051$; $p=0,045$), ата-ананың артық беделі ($\chi^2=26,320$; $p=0,006$), агрессивтілікті басу ($\chi^2=26,524$; $p=0,005$), үй шаруасындағы рөліне қанағаттанбау ($\chi^2=19,727$; $p=0,049$), баланың белсенділігін дамыту ($\chi^2=34,879$; $p=0,000$), күйеуінің немқұрайлылығы ($\chi^2=28,227$; $p=0,003$), жыныстық сезімдерді басу ($\chi^2=23,992$; $p=0,013$), ананың үстемдігі ($\chi^2=21,655$; $p=0,027$), баланың әлеміне шамадан тыс араласу ($\chi^2=32,039$; $p=0,001$), қарым-қатынастарды теңестіру ($\chi^2=30,752$; $p=0,001$), баланың дамуын тездетуге ұмтылу ($\chi^2=23,351$; $p=0,016$), ананың өз бетінше әрекет етпеуі ($\chi^2=23,701$; $p=0,014$). Ал отбасылық жанжалдар ($p=0,269$), шамадан тыс қатаңдық ($p=0,381$), серіктестік қарым-қатынас ($p=0,112$) және жанжалдан қашу ($p=0,086$) көрсеткіштері бойынша айырмашылықтар статистикалық мәнге жетпеген.

Орташа рангтерді салыстыру аймақтық айырмашылықтардың мазмұндық сипатын айқындайды. Алматы облысында тұратын респонденттер бірқатар шкалалар бойынша жоғары рангтерге ие (мысалы, шамадан тыс қамқорлық – 220,63; отбасына тәуелділік – 219,56; ананың үстемдігі – 218,28; баланың әлеміне шамадан тыс араласу – 217,69), бұл ауылдық немесе жартылай урбандалған ортада дәстүрлі, бақылаушы және иерархиялық тәрбиелік модельдердің сақталу ықтималдығын көрсетеді. Алматы қаласы бойынша көрсеткіштер салыстырмалы түрде орта деңгейде шоғырланғанымен, баланың белсенділігін дамыту (197,52), жыныстық сезімдерді басу (196,88) және ата-ананың артық беделі (196,54) секілді шкалаларда жоғары мәндер байқалады, бұл мегаполистік ортада бір жағынан баланың дамуын қолдауға бағытталған белсенділік, екінші жағынан беделдік ұстанымды сақтауға ұмтылыс қатар көрінуі мүмкін екенін аңғартады.

Қызылорда облысы бойынша көптеген көрсеткіштердің айрықша жоғары болуы (мысалы, вербализация – 281,38; үй шаруасындағы рөліне қанағаттанбау – 280,56; ананың өз бетінше әрекет етпеуі – 279,75; баланың дамуын тездетуге ұмтылу – 304,06) аймақта отбасылық қатынастардың эмоциялық қанық, талап қоюшылық және рөлдік шиеленіс элементтерімен сипатталуы мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар ананың үстемдігі (226,81) мен агрессивтілікті басу (231,06) көрсеткіштерінің жоғары болуы бақылаушы және шектеуші бетбұрыстардың да айқын екенін білдіреді.

Керісінше, Шымкент қаласы мен Маңғыстау облысы бойынша бірқатар шкалаларда өте төмен рангтер тіркелген (мысалы, ата-ананың артық беделі – 39,50 және 15,75; баланың белсенділігін дамыту – 34,80 және 16,00), алайда бұл өңірлердегі таңдама көлемінің өте аз

болуы ($N=5$ және $N=2$) нәтижелерді интерпретациялауда сақтықты талап етеді. Шағын іріктеме орташа рангтердің шектен тыс ауытқуына әсер етуі мүмкін, сондықтан бұл көрсеткіштерді жалпылау шектеулі сипатта қарастырылуы тиіс.

Баланың белсенділігін дамыту шкаласы бойынша ең жоғары χ^2 мәнінің (34,879; $p=0,000$) алынуы аймақтық ортаның баланың дербестігі мен белсенділігін қолдау стратегияларына айрықша әсер ететінін көрсетеді. Сол сияқты баланың әлеміне шамадан тыс араласу ($\chi^2=32,039$; $p=0,001$) және қарым-қатынастарды теңестіру ($\chi^2=30,752$; $p=0,001$) көрсеткіштері де аймақтық мәдени нормалардың ата-ана тарапынан бақылау мен серіктестік арасындағы тепе-теңдікке ықпал ететінін дәлелдейді.

Ал статистикалық мәнге жетпеген айнымалылар (ренжітуден қорқу, отбасылық жанжалдар, шамадан тыс қатаңдық, ата-ананың артық беделі, үй шаруасындағы рөліне қанағаттанбау, баланың белсенділігін дамыту, жанжалдан қашу, күйеуінің немқұрайлылығы, қарым-қатынастарды теңестіру, баланың дамуын тездетуге ұмтылу, ананың өз бетінше әрекет етпеуі) бойынша жас топтары арасында айырмашылықтар болғанымен, олар статистикалық сенімді деңгейге жетпеген ($p>0,05$). Бұл көрсеткіштер отбасылық өмірдің кейбір қырлары жасқа қарағанда тұлғалық ерекшеліктерге, әлеуметтік-мәдени ортаға немесе нақты отбасылық жағдайларға көбірек тәуелді болуы мүмкін екенін көрсетеді.

Нәтижелер ата-аналардың тұрғылықты мекені олардың отбасылық өмірге қатынасын айқындайтын маңызды әлеуметтік-мәдени фактор екенін көрсетеді. Урбанизацияланған ортада (Алматы қаласы) тәрбиенің салыстырмалы түрде теңгерімді және даму-бағдарлы үлгілері байқалса, облыстық аймақтарда, әсіресе Алматы және Қызылорда облыстарында, бақылаушылық, тәуелділік және рөлдік қатаңдық элементтері айқынырақ көрінеді. Сонымен қатар кейбір өңірлердегі шағын іріктеме көлемі нәтижелердің вариативтілігіне әсер етуі мүмкін екені ескеріліп, болашақ зерттеулерде аймақтық топтарды теңестіру қажеттілігі туындайды. Осылайша, аймақтық ерекшеліктер ата-ана ұстанымдарының қалыптасуында әлеуметтік-мәдени контекстің маңыздылығын айқындайды және отбасылық саясат пен психологиялық қолдау бағдарламаларын әзірлеуде ескерілуі тиіс.

Осылайша, тұрғылықты мекен факторы ата-ананың тәрбиелік әрекеттерінің бағытын ғана емес, сонымен бірге отбасы мүшелерінің рөлдік құрылымы мен психологиялық әл-ауқатын анықтайтын маңызды детерминант екенін көруге болады.

Зерттеу нәтижелерінің психологиялық сипаттамасы ретінде тұрғылықты мекеннің ата-ана тұрғысынан идентификация мен тәрбие стилінің когнитивті схемаларын қалыптастырудағы шешуші рөлін атап өтуге болады.

Дәстүр ережелері жоғары аймақтарда ата-ана ұстанымы баланың тұлғалық дербестігін отбасылық бірегейлікке бағындыруға негізделсе, нәтижесінде баланың ересек өмірдегі дербес шешім қабылдау қабілеті мен эмоциялы сепарациясына кедергі келтіруі мүмкін.

Алматы сияқты ірі орталықтардағы вербализация мен серіктестік қарым-қатынасқа басымдық беру бетбұрысы баланың эмоциялы интеллекті мен тұлғалық өсуіне қолайлы жағдай жасағанымен, сыртқы ортадан келетін әсерлерге қатысты үрей мен бақылау элементтерінің сақталуы ата-ана ұстанымының әлі де болса өтпелі сипатта екенін айғақтайды.

Ананың отбасындағы рөліне қатысты анықталған аймақтық алшақтықтар әйелдердің психологиялық бейімделуі мен отбасылық рөлдерге қанағаттануы тікелей сол аймақтағы гендерлік стереотиптер мен әлеуметтік ережелерге тәуелді екенін, ал ол өз кезегінде баламен арадағы эмоциялы байланыстың сапасына әсер ететінін көрсетеді.

Респонденттердің отбасылық жағдайының олардың ата-ана ретіндегі ұстанымдары мен отбасылық өмірге қатысты психологиялық ұстанымдарына тигізетін әсері бойынша отбасының құрылымдық ерекшеліктері, атап айтқанда некеде болу, ажырасу немесе жесір қалу сияқты көрсеткіштері бала тәрбиесіндегі бақылау деңгейі мен эмоциялы қарым-қатынас стилін анықтайтын шешуші әлеуметтік детерминанттардың бірі ретінде алынды. Қамқоршы, асырап алушы ата-ана 1-адам ғана болғандықтан оның нәтижесі есептен алынып тасталды.

Алынған статистикалық нәтижелер мен маңызды айырмашылықтар көрсеткіштері келесі 6-кестеде ұсынылған.

Зерттеу нәтижелері отбасылық мәртебе ата-ана ұстанымдары мен тәрбиелік стратегиялардың қалыптасуында маңызды әлеуметтік-психологиялық фактор болып табылатынын көрсетеді. Айнымалылардың едәуір бөлігі бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтар анықталған ($p < 0,05$), бұл некелесу мәртебесі ата-аналардың эмоциялық реттелуі, бақылау стилі және отбасындағы билік құрылымымен тығыз байланысты екенін дәлелдейді.

Респонденттердің отбасылық жағдайына байланысты ата-ана ұстанымдарындағы айырмашылықтарды талдау барысында 23 айнымалының 14-і бойынша статистикалық маңызды нәтижелер анықталды.

Статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтар вербализация ($\chi^2=11,664$; $p=0,020$), шамадан тыс қамқорлық ($\chi^2=17,168$; $p=0,002$), отбасына тәуелділік ($\chi^2=17,886$; $p=0,001$), ерік-жігерді басу ($\chi^2=18,535$; $p=0,001$), ашуланшақтық ($\chi^2=15,663$; $p=0,004$), отбасынан тыс ықпалдарды болдырмау ($\chi^2=20,242$; $p=0,000$), ата-ананың артық беделі ($\chi^2=10,874$; $p=0,028$), агрессивтілікті басу ($\chi^2=14,044$; $p=0,007$), баланың белсенділігін дамыту ($\chi^2=16,112$; $p=0,003$), күйеуінің немқұрайлылығы ($\chi^2=15,357$; $p=0,004$), жыныстық сезімдерді басу ($\chi^2=11,657$; $p=0,020$), қарым-қатынастарды теңестіру ($\chi^2=17,935$; $p=0,001$), баланың дамуын тездетуге ұмтылу ($\chi^2=12,187$; $p=0,016$) көрсеткіштері бойынша тіркелді. Ал өзін құрбан ету сезімі ($p=0,071$), ренжітуден қорқу ($p=0,121$), отбасылық жанжалдар ($p=0,498$), шамадан тыс қатаңдық ($p=0,304$), үй шаруасындағы рөліне қанағаттанбау ($p=0,162$), серіктестік қарым-қатынас ($p=0,116$), жанжалдан қашу ($p=0,055$), ананың үстемдігі ($p=0,052$), баланың әлеміне шамадан тыс араласу ($p=0,053$), ананың өз бетінше әрекет етпеуі ($p=0,122$) шкалалары бойынша айырмашылықтар статистикалық мәнге жетпегенімен, кейбірінде шекаралық маңыздылық байқалады.

Орташа рангтерді талдау жесір ата-аналардың көпшілік шкалалар бойынша ең жоғары көрсеткіштерге ие екенін айқын көрсетеді. Мысалы, отбасына тәуелділік (301,69), ерік-жігерді басу (286,12), ашуланшақтық (289,23), отбасынан тыс ықпалдарды болдырмау (295,73), баланың дамуын тездетуге ұмтылу (293,12) және қарым-қатынастарды теңестіру (276,54) көрсеткіштері жесір топта айрықша жоғары. Бұл нәтижелер жұбайынан айырылу жағдайында ата-ананың баламен қарым-қатынасында эмоциялық тәуелділік пен гипербақылау күшеюі мүмкін екенін көрсетеді. Жесірлік жағдай ата-ананың балаға шамадан тыс шоғырлануына, қорғаныштық және бақылаушы ұстанымының артуына ықпал етуі ықтимал. Сонымен қатар ашуланшақтық пен агрессивтілікті басу көрсеткіштерінің жоғары болуы ішкі эмоциялық кернеудің бар екенін меңзейді.

Ажырасқан ата-аналар да бірқатар шкалалар бойынша салыстырмалы түрде жоғары рангтер көрсеткен (мысалы, ерік-жігерді басу – 218,35; баланың белсенділігін дамыту – 217,86; күйеуінің немқұрайлылығы – 227,45), бұл отбасылық құрылымның бұзылуы тәрбиелік стратегияларға әсер ететінін көрсетеді. Ажырасу жағдайында ата-ананың бақылау мен талап қою деңгейінің артуы немесе керісінше баланың жетістігі арқылы жеке сәтсіздіктерді компенсациялау бетбұрысы байқалуы мүмкін.

Үйленген/тұрмыстағы ата-аналар барлық дерлік шкалалар бойынша орташа рангтерге ие (шамамен 185–190 аралығында), бұл некедегі тұрақтылықтың тәрбиелік ұстанымдардың салыстырмалы теңгерімді болуына ықпал ететінін көрсетеді. Мұндай топта гипербақылау немесе шамадан тыс тәуелділік айқын көрінбейді, ата-ана ұстанымы біршама тұрақты әрі болжамды сипатта.

Үйленбеген/тұрмыс құрмаған, бірақ қарым-қатынастағы респонденттер көпшілік айнымалылар бойынша ең төмен рангтерді көрсеткен (мысалы, шамадан тыс қамқорлық – 88,86; баланың белсенділігін дамыту – 87,77; қарым-қатынастарды теңестіру – 93,45; агрессивтілікті басу – 103,09). Бұл топта тәрбиелік белсенділік пен бақылау деңгейінің

төмендеу бетбұрысы байқалуы мүмкін, алайда топ көлемінің шағындығы ($N=11$) нәтижелерді жалпылауда сақтықты талап етеді.

Жалпы алғанда, отбасылық жағдайы бойынша зерттеу нәтижелері отбасылық жағдай ата-аналардың балаға қатысты эмоциялық тәуелділік деңгейіне, бақылау стратегияларына және отбасылық билік құрылымына айтарлықтай әсер ететінін көрсетеді. Әсіресе жесір және ажырасқан ата-аналарда гиперқамқорлық, бақылаушылық және эмоциялық қысым элементтері күштірек байқалады, ал некедегі ата-аналарда тәрбиелік ұстанымдар салыстырмалы түрде теңгерімді сипатта көрінеді. Осылайша, отбасылық мәртебе ата-ана ұстанымының маңызды детерминанты ретінде қарастырылып, психологиялық сүйемелдеу және отбасылық кеңес беру бағдарламаларын әзірлеуде ескерілуі тиіс.

Зерттеу нәтижелерінің психологиялық интерпретациясы отбасылық жағдайдың ата-ана ұстанымының когнитивті және эмоциялы компоненттерін толықтай қайта құрылымдайтынын көрсетеді. Толық емес немесе дағдарыстан өткен отбасыларда (жесірлер, ажырасқандар) тәрбие процесі көбіне «қорғаныс» сипатына ие болып, баланы шамадан тыс бақылау мен оқшаулау арқылы отбасылық жүйенің тұрақтылығын сақтауға бағытталады. Бұл жағдайда баланың жеке дербестігі мен әлеуметтік белсенділігі ата-ананың ішкі мазасыздығы мен жалғыздықтан қорқу сезімінің құрбаны болуы мүмкін. Ал ресми некедегі ата-аналардың ұстанымдарындағы жүйелілік пен теңгерімділік баланың үйлесімді дамуына қажетті психологиялық қауіпсіздік аймағын қалыптастырады. Осылайша, ата-ананың отбасылық мәртебесі бала тәрбиесіндегі демократиялық және авторитарлық бетбұрыстардың арасалмағын анықтайтын маңызды әлеуметтік-психологиялық фактор. Бұндай көрсеткіштер қазіргі қоғамдағы отбасы институтының динамикасын және оның тұлғаны әлеуметтендірудегі рөлін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Отбасындағы балалар санының ата-ана ұстанымдары мен отбасылық өмірге деген көзқарастың қалыптасуына ықпалын зерттеу мақсатында бала саны отбасылық жүйенің демографиялық сипаттамасы ғана емес, сонымен бірге ата-ананың ресурс бөлінісін, тәрбиелеу стратегиясын және эмоциялы жүктемесін анықтайтын маңызды әлеуметтік-психологиялық фактор ретінде анықталды. Нәтижелер 1 баладан 6 балаға дейінгі отбасыларды қамтыды. Отбасында 7 бала бар сыналушының саны 1-ғана болғандықтан аталмыш респонденттің нәтижесі есептен алынып тасталды. Отбасындағы балалар санына байланысты респонденттердің ата-ана ұстанымдарын саралау мақсатында жүргізілген Н Крускал-Уоллис критерийінің нәтижелері 23 айнымалының 6-ы бойынша статистикалық маңызды айырмашылықтарды анықтады. Балалар саны факторы ата-ана ұстанымдарының көп аспектілеріне тікелей әрі біркелкі әсер етпейтінін көрсетеді. Дегенмен, бірқатар көрсеткіштер бойынша мәнді айырмашылықтар тіркеліп, отбасы құрылымының көлемі тәрбиелік стратегиялардың жекелеген қырларына ықпал ететінін айқындайды.

Нәтижелер бала санының ата-ана ұстанымының нақты аспектілерін айқындайтын маңызды демографиялық және психологиялық фактор екенін айғақтайды.

Статистикалық тұрғыдан мәнді айырмашылықтар ерік-жігерді басу ($\chi^2=13,427$; $p=0,037$), ата-ананың артық беделі ($\chi^2=16,469$; $p=0,011$), жанжалдан қашу ($\chi^2=13,498$; $p=0,036$), күйеуінің немқұрайлылығы ($\chi^2=13,615$; $p=0,034$), қарым-қатынастарды теңестіру ($\chi^2=16,726$; $p=0,010$) және ананың өз бетінше әрекет етпеуі ($\chi^2=21,508$; $p=0,001$) шкалалары бойынша анықталды. Бұл көрсеткіштер отбасындағы балалар саны көбейген сайын ата-ана билігі, рөлдік бөлінісі және эмоциялық өзара әрекет ерекшеліктері трансформациялануы мүмкін екенін көрсетеді.

Ерекше назар аудартатын нәтиже – ананың өз бетінше әрекет етпеуі шкаласы бойынша айырмашылықтардың айқын болуы. Бір баласы бар отбасыларда орташа ранг 212,19, үш балалы отбасыларда 210,44 болса, бес балалы отбасыларда бұл көрсеткіш 132,89-ға дейін төмендейді. Бұл көпбалалы отбасыларда ананың дербестігі артуы немесе отбасылық міндеттердің бөлінуі нәтижесінде рөлдік икемділік қалыптасуы мүмкін екенін көрсетеді.

Ата-ананың артық беделі шкаласы бойынша бір және төрт балалы отбасыларда көрсеткіштердің салыстырмалы түрде жоғары болуы (тиісінше 208,79 және 208,88) ата-ананың билік ұстанымының айқын сақталатынын көрсетеді. Ал бес және алты балалы отбасыларда бұл көрсеткіштердің төмендеуі (147,60 және 141,41) көпбалалылық жағдайында иерархиялық қатаңдықтың әлсіреуі немесе балалар арасындағы өзара реттеу механизмдерінің күшеюімен түсіндірілуі мүмкін.

Жанжалдан қашу көрсеткіші алты балалы отбасыларда (220,29) және төрт балалы отбасыларда (206,40) жоғары, ал бес балалы отбасыларда төмен (154,24). Бұл дерек отбасы көлемі ұлғайған сайын жанжалдарды болдырмауға бағытталған стратегиялардың күшеюі ықтимал екенін көрсетеді, себебі көпбалалы отбасыларда эмоциялық тепе-теңдікті сақтау тәжірибелік қажеттілікке айналуы мүмкін.

Күйеуінің немқұрайлылығы шкаласы бойынша бір балалы отбасыларда (215,54) көрсеткіштің жоғары болуы жас немесе шағын отбасы жағдайында ата-аналардың серіктестік қарым-қатынастағы қанағаттанбаушылықты сезіну ықтималдығын білдіреді. Ал бес балалы отбасыларда бұл көрсеткіштің төмендеуі (144,67) отбасылық рөлдердің тұрақтануы немесе өзара бейімделудің жоғары деңгейімен байланысты болуы мүмкін.

Қарым-қатынастарды теңестіру көрсеткіші бір және үш балалы отбасыларда жоғары (208,69 және 207,49), ал бес балалы отбасыларда төмен (141,40). Бұл шағын және орташа көлемдегі отбасыларда ата-аналар саналы түрде теңгерімді қарым-қатынас орнатуға ұмтылуы мүмкін екенін, ал көпбалалы отбасыларда рөлдік дифференциация табиғи түрде қалыптасып, арнайы теңестіру стратегияларының маңыздылығы төмендеуі ықтимал екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, нәтижелер балалар саны ата-ана ұстанымдарының барлық аспектілеріне бірдей әсер етпейтінін, бірақ отбасындағы билік құрылымы, рөлдік икемділік және жанжалды реттеу стратегияларына белгілі бір дәрежеде ықпал ететінін көрсетеді. Бір және орташа көлемдегі (3–4 бала) отбасыларда ата-ананың беделі мен бақылау элементтері айқынырақ байқалса, бес және одан көп балалы отбасыларда иерархиялық қатаңдықтың салыстырмалы әлсіреуі және рөлдік бейімделудің артуы бетбұрысы көрінеді. Сонымен қатар кейбір топтардағы (әсіресе 6–7 бала) іріктеме көлемінің шағындығы нәтижелерді интерпретациялауда сақтықты талап етеді. Осылайша, отбасы көлемі ата-ана ұстанымдарының құрылымдық ерекшеліктеріне ықпал ететін фактор ретінде қарастырылуы мүмкін, алайда оның әсері көпқырлы және басқа әлеуметтік-демографиялық айнымалылармен өзара байланыста көрінеді.

Отбасындағы балалардың саны бойынша зерттеу нәтижелерінің психологиялық интерпретациясы бала санының ата-ана ретінде өзін-өзі сезіну мен тәрбие стиліне тікелей әсер ететінін дәлелдейді. Аз балалы отбасыларда «гиперпротекция» элементтері басым болса, бала санының артуы ата-анадан тәрбиеші рөлімен қатар, қатал менеджер рөлін атқаруды талап етуі мүмкін. Аталмыш жағдай агрессияны басу және иерархияны сақтау стратегияларының күшеюіне ұласуы мүмкін. Осылайша, отбасының демографиялық құрылымы ата-ананың тәрбиелік мақсаттарын жүзеге асырудағы маңызды контекст болып табылады.

Талқылау Зерттеу нәтижелерінің кешенді талдауы ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасы көпфакторлы әлеуметтік-демографиялық детерминанттармен шартталатынын көрсетеді. Атап айтқанда, жас ерекшелігі, тұрғылықты мекен, отбасылық жағдай және отбасындағы балалар саны ата-ана ұстанымдарының құрылымына әртүрлі дәрежеде ықпал етеді. Бұл деректер отбасылық жүйені экологиялық және жүйелік тұрғыдан қарастыратын теориялық модельдермен үйлеседі, яғни ата-ана ұстанымы тек тұлғалық сипаттамалармен емес, кеңірек әлеуметтік контекстпен де анықталады.

Жас ерекшелігі факторы бойынша алынған нәтижелер ата-аналар жасы ұлғайған сайын бақылау, тәуелділік және үстемдікке бейім бетбұрыстардың күшейетінін көрсетті. Егде жастағы топтарда отбасына тәуелділік, ананың үстемдігі, агрессивтілікті басу, шамадан тыс қамқорлық және баланың әлеміне шамадан тыс араласу көрсеткіштері жоғары болды. Бұл құбылыс ұрпақаралық құндылық айырмашылықтарымен және дәстүрлі тәрбиелік

нормалардың ықпалымен түсіндірілуі мүмкін. Егде буын өкілдері үшін иерархиялық құрылым, ата-ананың беделі және эмоциялық қатандығы әлеуметтік тұрғыдан легитимді модель ретінде қалыптасқан болуы ықтимал. Керісінше, жас ата-аналарда серіктестікке, икемділікке және салыстырмалы түрде демократиялық қарым-қатынасқа бейімділік байқалды, бұл қазіргі қоғамдағы индивидуализация үдерістерімен және бала құқықтарына бағдарланған көзқарастың күшеюімен астасады.

Тұрғылықты мекен факторы бойынша айырмашылықтардың айқын болуы ата-ана стилінің әлеуметтік-мәдени ортаға тәуелділігін дәлелдейді. Урбанизацияланған ортада тәрбиелік ұстанымдар салыстырмалы түрде теңгерімді және даму-бағдарлы сипатта көрінсе, кейбір аймақтарда (әсіресе облыстық деңгейде) бақылаушылық, рөлдік қатандық және эмоциялық тәуелділік көрсеткіштері жоғары болды. Бұл нәтижелер әлеуметтік ортадағы дәстүрлі құндылықтардың, туыстық байланыстардың тығыздығының және гендерлік рөлдердің сақталуының ата-ана мінез-құлқына ықпал ететінін көрсетеді. Сонымен қатар кейбір өңірлердегі іріктеменің шағын көлемі орташа рангтердің ауытқуына әсер етуі мүмкін екені ескерілуі тиіс, сондықтан болашақ зерттеулерде аймақтық үлгіні теңестіру әдіснамалық тұрғыдан маңызды.

Отбасылық жағдай факторы ең айқын айырмашылықтардың бірін көрсетті. Жесір және ажырасқан ата-аналарда гиперқамқорлық, эмоциялық тәуелділік, бақылау және ашуланшақтық көрсеткіштері жоғары болды. Бұл нәтижелер отбасы құрылымының бұзылуы ата-ананың балаға психологиялық инвестициясын арттырып, компенсаторлық бақылау стратегияларын күшейтуі мүмкін екенін меңзейді. Жесір ата-аналарда баламен қарым-қатынастың шамадан тыс тығыздалуы, отбасынан тыс ықпалдарды шектеу және баланың дамуын жеделдетуге ұмтылу бетбұрыстары айқын көрінді. Мұндай мінез-құлық үлгілері эмоциялық тапшылықтың орнын толтыру механизмі ретінде түсіндірілуі ықтимал. Ал некеде тұрған ата-аналарда көрсеткіштердің салыстырмалы тұрақтылығы отбасы құрылымының тұтастығы тәрбиелік стильдің теңгерімді болуына ықпал ететінін айғақтайды.

Отбасындағы балалар саны факторы бойынша айырмашылықтар шектеулі болғанымен, кейбір маңызды үрдістер байқалды. Бір және орташа көлемдегі (3–4 бала) отбасыларда ата-ана беделі мен бақылау элементтері айқынырақ көрінсе, бес және одан көп балалы отбасыларда иерархиялық қатандықтың салыстырмалы әлсіреуі және рөлдік икемділіктің артуы байқалды. Бұл көпбалалы отбасыларда жауапкершіліктің бөлінуі, балалар арасындағы өзара реттеу механизмдерінің қалыптасуы және ата-ана тарапынан бақылаудың функционалдық қайта құрылуы орын алуы мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар ананың өз бетінше әрекет етуіне қатысты айырмашылықтар отбасы көлемі ұлғайған сайын рөлдік дербестіктің өзгеретінін меңзейді.

Жалпы алғанда, алынған нәтижелер ата-ана ұстанымының бір ғана фактордың әсерімен емес, жас, әлеуметтік орта, некелесу мәртебесі және отбасы құрылымы сияқты өзара ықпалдасқан айнымалылар кешені арқылы қалыптасатынын көрсетеді. Бақылаушылық, тәуелділік және үстемдік элементтері көбінесе әлеуметтік тұрақсыздық немесе рөлдік трансформация жағдайларында күшейетіні байқалды, ал құрылымдық тұрақтылық (некенің сақталуы, урбандалған орта, орташа көлемдегі отбасы) тәрбиелік ұстанымдардың теңгерімді болуына ықпал етеді.

Бұл зерттеу нәтижелері тәжірибелік тұрғыдан отбасылық кеңес беру, психологиялық қолдау және ата-аналарға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеуде дифференциалды тәсіл қажеттігін негіздейді. Әсіресе жесір және ажырасқан ата-аналарға, сондай-ақ әлеуметтік-мәдени тұрғыдан дәстүрлі ортада өмір сүретін отбасыларға бағытталған психологиялық интервенциялар бақылаушылық пен гиперқамқорлық бетбұрыстарын жұмсартуға бағытталуы тиіс. Сонымен қатар зерттеу көлденең сипатта жүргізілгендіктен, себеп-салдарлық байланыстарды нақты анықтау шектеулі; болашақта лонгитюдтік және көпдеңгейлі модельдер қолдану арқылы ата-ана ұстанымының динамикасын тереңірек зерттеу қажет. Осылайша, зерттеу ата-аналардың отбасы-

лық өмірге қатынасы әлеуметтік-демографиялық контекстпен тығыз байланыста қалыптасатынын эмпирикалық тұрғыдан дәлелдейді және отбасы психологиясы саласында мәдениетке сезімтал, контекстуалды тәсілдің теориялық және практикалық маңызын айқындайды.

Қорытындылай келе, ата-ана ұстанымдары – динамикалық жүйе. Зерттеу барысында анықталған факторлар (әсіресе отбасылық жағдай мен бала саны) ата-ана мінез-құлқының бағытын анықтайтын негізгі детерминанттар екенін айшықтатады. Алынған мәліметтер отбасылық психология мен педагогика саласындағы мамандарға әртүрлі санаттағы отбасыларға арналған дифференциалды көмек бағдарламаларын әзірлеуге мүмкіндік береді. Тәрбиедегі демократиялық құндылықтар мен баланың дербестігін қолдау деңгейін арттыру үшін ата-ананың әлеуметтік мәртебесі мен психоэмоциялы күйін ескеру қажеттілігі ғылыми тұрғыдан негізделді.

Қорытынды. Ұстанымдар әлеуметтік ортаның, алдыңғы тәжірибенің ықпалымен қалыптасады, басқа, әсіресе референттік топтар мен тұлғалардың ұстанымдарын меңгеру негізінде туындайды. Олар ұғынылмайтын, жеңілдететін, озыңқы және реттеуші функцияларды орындайды. Сондай-ақ тұлғаның қызметі, мінез-құлқы, әлемді және өзін-өзі тану бағытындағы тұрақтылықты қамтамасыз ететін білім ригидті болып саналады.

Ұстаным субъектінің қарым-қатынасының мәні туралы білімі ретінде және эмоциялық бағалау және белгілі бір ниет ретінде - нақты объект бойынша іс-қимыл бағдарламасы ретінде қарастырылады. Ұстанымдардың өздері тұлғаның құрылымын құрайтын теориялар бар, басқаларында - әлеуметтік ұстанымдардың жеке басының иерархиясының сапалы деңгейлері арасында белгілі бір орын ғана алады. Олар мінез-құлықты үш деңгейде реттеуге қабілетті: мағыналық, мақсаттық және операциялық. Мінез-құлық әрдайым аттитюттерге сәйкес келмейді, өйткені тұлғаның жағдайына байланысты.

Ата-ана ұстанымдары - бұл танымдық, эмоциялық және мінез-құлық компоненттеріне негізделген ата-анадағы өз рөліне белгілі бір көзқарас. Бұл - балаға эмоциялық көзқарас, баланы ата-ананың қабылдауы және онымен қарым-қатынас тәсілдері жүйесі. Олар ерлі-зайыптылардың қарым-қатынас аспектісіндегі репродуктивтік ұстанымдарын, бала асырап алу қатынастарындағы ұстанымдарды, балаға қатысты күту ұстанымдарын қамтиды.

Ата-ана құрылымында ата-ана ұстанымын ата-ана ұстанымдарының, ата-аналардың балаға деген күтулері мен қарым-қатынастарының жүйесі ретінде бөліп көрсетеді, оның негізінде баланы саналы және санасыз бағалау жатыр.

Салауатты тұлға эмоциялық қабылдау мен айқындылыққа, талаптардың дәйектілігіне негізделген барабар ата-ана белгілерінің әсерімен қалыптасады. Біз бұл бағыттағы ғылыми жұмыстардың келешегі ата-аналардың ұстанымдары ерлі-зайыптылық үшін серіктес таңдауға әсерін зерттеуге ықпалы болады деп есептейміз.

Жүргізілген зерттеу ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасы әлеуметтік-демографиялық факторлармен кешенді түрде шартталатынын көрсетті. Шефер мен Беллдің «Отбасы ата-ана көзімен» әдістемесі бойынша алынған нәтижелер ата-ана ұстанымдарының құрылымы жас ерекшелігіне, тұрғылықты мекеніне, отбасылық жағдайына және отбасындағы балалар санына байланысты айтарлықтай өзгертінін дәлелдейді.

Жас факторы бойынша егде жастағы ата-аналарда бақылаушылық, тәуелділік, үстемдік және баланың өміріне шамадан тыс араласу бетбұрыстары айқынырақ көрінді, ал жас ата-аналарда серіктестікке, икемділікке және салыстырмалы демократиялық қарым-қатынасқа бейімділік байқалды. Бұл нәтижелер ата-ана ұстанымдарының ұрпақаралық құндылықтармен және әлеуметтену тәжірибесімен байланысты трансформацияланатынын көрсетеді.

Тұрғылықты мекен бойынша айырмашылықтар ата-ана ұстанымдарының әлеуметтік-мәдени контекстке тәуелділігін айқындады. Қалалық ортада тәрбиелік стратегиялардың салыстырмалы теңгерімді және даму-бағдарлы сипаты байқалса, кейбір өңірлерде бақылаушылық пен рөлдік қатаңдық элементтері басым болды. Бұл аймақтық мәдени нормалар мен дәстүрлі құндылықтардың ата-ана мінез-құлқына ықпал ететінін көрсетеді.

Отбасылық жағдай факторы ең айқын айырмашылықтарды көрсетті. Жесір және ажырасқан ата-аналарда гиперқамқорлық, эмоциялық тәуелділік, бақылау және ішкі кернеуді тежеуге бағытталған стратегиялар жоғары деңгейде байқалды. Ал некеде тұрған ата-аналарда көрсеткіштердің салыстырмалы тұрақтылығы тәрбиелік ұстанымдардың теңгерімді болуына жағдай жасайтынын көрсетті.

Отбасындағы балалар саны ата-ана ұстанымының барлық қырларына бірдей әсер етпегенімен, билік құрылымы, қарым-қатынастарды реттеу және рөлдік икемділік сияқты көрсеткіштерде мәнді айырмашылықтар анықталды. Көпбалалы отбасыларда иерархиялық қатандықтың салыстырмалы әлсіреуі және бейімделу механизмдерінің күшеюі байқалды.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері ата-ана ұстанымдарының қалыптасуы көпфакторлы, динамикалық және контекстке тәуелді үдеріс екенін эмпирикалық тұрғыдан негіздейді. Ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасы тек жеке-психологиялық сипаттамалармен ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік орта, отбасы құрылымы және өмірлік жағдайлармен өзара ықпалдастықта қалыптасады. Бұл тұжырым отбасылық кеңес беру, психологиялық сүйемелдеу және ата-аналарға арналған білім беру бағдарламаларын әзірлеуде дифференциалды әрі контекстуалды тәсілді қолданудың маңыздылығын айқындайды.

Зерттеудің шектеулері және болашақ зерттеу бағыттары. Ұсынылған зерттеу ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасының әлеуметтік-демографиялық факторлармен байланысын анықтауға мүмкіндік бергенімен, алынған нәтижелер бірқатар жаңа ғылыми сұрақтарды алға тартады және болашақ эмпирикалық ізденістердің бағыттарын айқындайды.

Біріншіден, зерттеу көлденең дизайнды жүргізілгендіктен, анықталған айырмашылықтардың себеп-салдарлық табиғатын нақты айқындау шектеулі. Болашақта лонгитюдтік зерттеулер жүргізу арқылы ата-ана ұстанымдарының уақыт динамикасындағы өзгерісін, әсіресе өмірлік цикл кезеңдеріне (жас ұлғаюы, отбасы құрылымының өзгеруі, балалардың жас ерекшелігі) байланысты трансформациясын талдау маңызды. Бұл ата-ана ұстанымдарының тұрақты және өзгермелі компоненттерін ажыратуға мүмкіндік береді.

Екіншіден, аймақтық айырмашылықтар анықталғанымен, кейбір өңірлердегі іріктеме көлемінің аз болуы нәтижелердің жалпылану мүмкіндігін шектейді. Болашақ зерттеулерде стратификацияланған және теңестірілген іріктеме қолдану, сондай-ақ ауылдық және қалалық контексті нақты салыстыру ұсынылады. Сонымен қатар мәдени-этникалық факторларды, діни бағдарды және әлеуметтік-экономикалық мәртебені қосымша айнымалылар ретінде енгізу ата-ана ұстанымдарының мәдени контекстке тәуелділігін тереңірек түсіндіруге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, отбасылық жағдайға байланысты анықталған айырмашылықтар жесір және ажырасқан ата-аналарда эмоциялық тәуелділік пен гипербақылау бетбұрыстарының күшеюін көрсетті. Болашақта бұл топтарда ата-ананың күйзеліс деңгейін, психологиялық әл-ауқатты, әлеуметтік қолдау ресурстарын және копинг-стратегияларды кешенді зерттеу өзекті. Мұндай көпдеңгейлі талдау ата-ана мінез-құлқының ішкі психологиялық және сыртқы әлеуметтік факторлармен байланысын нақтылауға мүмкіндік береді.

Төртіншіден, отбасындағы балалар санына байланысты айырмашылықтар шектеулі болғанымен, рөлдік икемділік пен билік құрылымындағы өзгерістер байқалды. Болашақ зерттеулерде бауырлар арасындағы өзара қатынас, ата-ана ресурстарының үлесі, ата-ананың эмоциялық құлдырау феномені және отбасы ішілік коалициялар сияқты айнымалыларды енгізу ұсынылады. Бұл көпбалалы және шағын отбасылардағы тәрбиелік модельдердің құрылымдық ерекшеліктерін тереңірек талдауға мүмкіндік береді.

Бесіншіден, зерттеуде өзін-өзі есеп беру әдісі қолданылғандықтан, әлеуметтік қолайлылық әсері ықтимал. Болашақта көпәдісті тәсіл қолдану – бақылау, жартылай құрылымданған сұхбат, балалардың бағалауы немесе мұғалімдердің пікірі – нәтижелердің валидтілігін арттырады. Сонымен қатар құрылымдық теңдеулер моделін, иерархиялық регрессиялық талдау немесе көпдеңгейлі модельдеу әдістерін қолдану айнымалылар арасындағы күрделі байланыстарды айқындауға мүмкіндік береді.

Алтыншыдан, гендерлік аспектіні тереңдету маңызды. Ана мен әке ұстанымдарын салыстырмалы талдау, сондай-ақ гендерлік рөлдік күтулердің ата-ана ұстанымына ықпалын зерттеу отбасы психологиясы саласындағы теориялық модельдерді толықтыра алады [20, б. 164].

Қорытындылай келе, болашақ зерттеулер ата-ана ұстанымының көпдеңгейлі, мәдениетке сезімтал және динамикалық феномен ретінде қарастыруы тиіс. Әлеуметтік-демографиялық факторлармен қатар психологиялық, экономикалық және мәдени айнымалыларды кешенді модельге енгізу отбасы жүйесіндегі өзара әрекетті тереңірек түсіндіруге және дәлелді психологиялық интервенцияларды әзірлеуге ғылыми негіз қалыптастырады. Осы шектеулерге қарамастан, зерттеу ата-аналардың отбасылық өмірге қатынасының әлеуметтік-демографиялық детерминанттарын эмпирикалық тұрғыдан сипаттауға мүмкіндік берді. Алайда болашақ зерттеулерде әдіснамалық әртараптандыру, іріктемені теңестіру және көпдеңгейлі талдау тәсілдерін қолдану нәтижелердің сенімділігі мен жалпылану деңгейін арттыруға ықпал етеді.

Алғыс.

Мақала ҚР ҒжЖБМ Ғылым Комитетінің гранттық қаржыландыруы шеңберінде дайындалды (АР23490817 «Өзіндік рефлексия отбасындағы зорлық-зомбылықтың алдын алуда ата-аналардың психологиялық мәдениетін қалыптастырудың құралы ретінде»).

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Hwang J. H. Gender roles in modern parenting: A comparative study of working mothers and fathers who remain at home in urban societies // *Magna Scientia Advanced Research and Reviews*. – 2025. – Vol. 13, No. 2. – P. 188–199. – DOI: 10.30574/msarr.2025.13.2.0057.
2. Maia S., Pereira M., Mamelund S., Amaro J., Fraga S., Leão T. The impact of parenthood on well-being: a qualitative study of mothers' and fathers' perceptions across European countries // *European Journal of Public Health*. – 2024. – Vol. 34, Supplement 3. – DOI: 10.1093/eurpub/ckae144.663.
3. Milkie M. A., Bianchi S. M., Mattingly M. J., Robinson J. Gendered division of childrearing: Ideals, realities, and the relationship to parental well-being // *Sex Roles*. – 2002. – Vol. 47, No. 1. – P. 21–38. – DOI: 10.1023/A:1020627602889.
4. Chesley N. Stay-at-home fathers and breadwinning mothers: Gender, couple dynamics, and social change // *Gender & Society*. – 2011. – Vol. 25, No. 5. – P. 642–664. – DOI: 10.1177/0891243211417433.
5. Ajzen I., Fishbein M. Understanding attitudes and predicting social behavior. – Engelwood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1980. – 278 p.
6. Sigel I. E. Beliefs systems: The psychological consequences for children. – Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1985. – P. 271–286.
7. Kohn M. L. Social class and parent-child relationships: An interpretation // *American Journal of Sociology*. – 1963. – Vol. 68. – P. 471–480.
8. Goldberg W. A., Easterbrooks M. A. Role of marital quality in toddler development // *Developmental Psychology*. – 1984. – Vol. 20. – P. 504–514.
9. Dix T. H., Grusec J. E. Parent attribution processes in the socialisation of children // *Beliefs systems: The psychological consequences for children* / Ed. by I. E. Sigel. – Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1985. – P. 201–233.
10. Mills R. S. L., Rubin K. H. Parental beliefs about social behaviors in early childhood // *Child Development*. – 1990. – Vol. 61. – P. 138–151.
11. Valsiner J. Culture and human development. – Lexington, MA: Health, 1989. – 280 p.
12. Palasios J. Parents' ideas about the development and education of their children: Answers to some questions // *International Journal of Behavioral Development*. – 1990. – Vol. 13. – P. 137–155.
13. Sameroff A., Fiese L. A. Family representations of development // *Parental beliefs systems: The psychological consequences for children* / Ed. by I. E. Sigel, A. V. McGillicuddy-De Lisi, J. J. Goodnow. – Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1992. – P. 347–369.
14. Дружинин В. Н. Психология семьи. – Санкт-Петербург: Питер, 2000. – 270 с.
15. Антонов А. И. Социология семьи. – Москва: Инфра-М, 2005. – 640 с.
16. Савинов Л. И. Социальная работа с детьми в семьях разведенных родителей: Учебное пособие. – Москва: Дашков и Ко, 2005. – 216 с.

17. Спиваковская А. С. Обоснование психологической коррекции неадекватной родительской позиции // *Семья и формирование личности* / Под ред. А. А. Бодалева. – Москва, 1981. – С. 38–45.
18. Эйдемиллер Э. Г., Юстицкис В. Психология и психотерапия семьи. – Санкт-Петербург: Питер, 2008. – 672 с.
19. Бодалев А.А., Столин В.В. Семья в психологической консультации. – М.: Педагогика, 1989. – 209 с.
20. Слепко Ю. Н., Ледовская Т. В., Цымбалюк А. Э. Анализ данных и интерпретация результатов психологического исследования: учебное пособие. – 2-е изд., испр. и доп. – Ярославль: Изд-во ЯГПУ им. К. Д. Ушинского, 2015. – 164 с.

References

1. Hwang J. H. Gender roles in modern parenting: A comparative study of working mothers and fathers who remain at home in urban societies // *Magna Scientia Advanced Research and Reviews*. – 2025. – Vol. 13, No. 2. – P. 188–199. – DOI: 10.30574/msarr.2025.13.2.0057.
2. Maia S., Pereira M., Mamelund S., Amaro J., Fraga S., Leão T. The impact of parenthood on well-being: a qualitative study of mothers' and fathers' perceptions across European countries // *European Journal of Public Health*. – 2024. – Vol. 34, Supplement 3. – DOI: 10.1093/eurpub/ckae144.663.
3. Milkie M. A., Bianchi S. M., Mattingly M. J., Robinson J. Gendered division of childrearing: Ideals, realities, and the relationship to parental well-being // *Sex Roles*. – 2002. – Vol. 47, No. 1. – P. 21–38. – DOI: 10.1023/A:1020627602889.
4. Chesley N. Stay-at-home fathers and breadwinning mothers: Gender, couple dynamics, and social change // *Gender & Society*. – 2011. – Vol. 25, No. 5. – P. 642–664. – DOI: 10.1177/0891243211417433.
5. Ajzen I., Fishbein M. Understanding attitudes and predicting social behavior. – Engelwood Cliffs, NJ: Prentice-Hall, 1980. – 278 p.
6. Sigel I. E. Beliefs systems: The psychological consequences for children. – Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1985. – P. 271–286.
7. Kohn M. L. Social class and parent-child relationships: An interpretation // *American Journal of Sociology*. – 1963. – Vol. 68. – P. 471–480.
8. Goldberg W. A., Easterbrooks M. A. Role of marital quality in toddler development // *Developmental Psychology*. – 1984. – Vol. 20. – P. 504–514.
9. Dix T. H., Grusec J. E. Parent attribution processes in the socialisation of children // *Beliefs systems: The psychological consequences for children* / Ed. by I. E. Sigel. – Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1985. – P. 201–233.
10. Mills R. S. L., Rubin K. H. Parental beliefs about social behaviors in early childhood // *Child Development*. – 1990. – Vol. 61. – P. 138–151.
11. Valsiner J. Culture and human development. – Lexington, MA: Health, 1989. – 280 p.
12. Palasios J. Parents' ideas about the development and education of their children: Answers to some questions // *International Journal of Behavioral Development*. – 1990. – Vol. 13. – P. 137–155.
13. Sameroff A., Fiese L. A. Family representations of development // *Parental beliefs systems: The psychological consequences for children* / Ed. by I. E. Sigel, A. V. McGillicuddy-De Lisi, J. J. Goodnow. – Hillsdale, NJ: Lawrence Erlbaum Associates, 1992. – P. 347–369.
14. Druzhinin V. N. Psihologiya sem'i. – Sankt-Peterburg: Piter, 2000. – 270 s.
15. Antonov A. I. Sociologiya sem'i. – Moskva: Infra-M, 2005. – 640 s.
16. Savinov L. I. Social'naya rabota s det'mi v sem'yah razvedennykh roditelej: Uchebnoe posobie. – Moskva: Dashkov i Ko, 2005. – 216 s.
17. Spivakovskaya A. S. Obosnovanie psihologicheskoy korrekcii neadekvatnoj roditel'skoj pozicii // *Sem'ya i formirovanie lichnosti* / Pod red. A. A. Bodaleva. – Moskva, 1981. – S. 38–45.
18. Ejdemiller E. G., Yustickis V. Psihologiya i psihoterapiya sem'i. – Sankt-Peterburg: Piter, 2008. – 672 s.
19. Bodalev A. A., Stolin V. V. Sem'ya v psihologicheskoy konsul'tacii. – Moskva: Pedagogika, 1989. – 209 s.
20. Sleпko Yu. N., Ledovskaya T. V., Cymbalyuk A. E. Analiz dannyh i interpretaciya rezul'tatov psihologicheskogo issledovaniya: uchebnoe posobie. – 2-e izd., ispr. i dop. – Yaroslavl': Izd-vo YaGPU im. K. D. Ushinskogo, 2015. – 164 s.

Авторлар туралы мәліметтер:

Бапаева С.Т. – хат-хабар авторы, PhD, қауымдастырылған профессор, «Тұран» университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

Бапаева М.К. – психология ғылымдарының кандидаты, профессор м.а., Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: bapayeva.m@qyzpu.edu.kz

Куантканова Ф.М. – психология магистрі, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: kuantkanova.f@qyzpu.edu.kz

Бағибаева М.И. – психология магистрі, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: bagibaeva.m@qyzpu.edu.kz

Аубәкір А.А. – психология магистрі, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: aubakir.a@qyzpu.edu.kz

Байзdraхманова А.К. – психология магистрі, аға оқытушы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы қ., Қазақстан. E-mail: bayzdrahmanova.a@qyzpu.edu.kz

Сведения об авторах:

Бапаева С.Т. – автор для корреспонденции, PhD, ассоциированный профессор Университета «Туран», г. Алматы, Казахстан. E-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

Бапаева М.К. – кандидат психологических наук, и.о. профессора Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан. E-mail: bapayeva.m@qyzpu.edu.kz

Куантканова Ф.М. – магистр психологии, старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан. E-mail: kuantkanova.f@qyzpu.edu.kz

Бағибаева М.И. – магистр психологии, старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан. E-mail: bagibaeva.m@qyzpu.edu.kz

Аубакір А.А. – магистр психологии, старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан. E-mail: aubakir.a@qyzpu.edu.kz

Байзdraхманова А.К. – магистр психологии, старший преподаватель Казахского национального женского педагогического университета, г. Алматы, Казахстан. E-mail: bayzdrahmanova.a@qyzpu.edu.kz

Information about the Authors:

Bapayeva S.T. – Corresponding Author, PhD, Associate Professor, Turan University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: s.bapayeva@turan-edu.kz

Bapayeva M.K. – Candidate of Psychological Sciences, Acting Professor, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bapayeva.m@qyzpu.edu.kz

Kuantkanova F.M. – Master of Psychology, Senior Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: kuantkanova.f@qyzpu.edu.kz

Bagibaeva M.I. – Master of Psychology, Senior Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bagibaeva.m@qyzpu.edu.kz

Aubakir A.A. – Master of Psychology, Senior Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: aubakir.a@qyzpu.edu.kz

Bayzdrahmanova A.K. – Master of Psychology, Senior Lecturer, Kazakh National Women's Teacher Training University, Almaty, Kazakhstan. E-mail: bayzdrahmanova.a@qyzpu.edu.kz